

**ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІ
«КЕТБҰҚА-ТӨЛЕГЕТАЙ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ
ҚОРЫ**

ҰЛАН АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

**АЛТАЙ АМАНЖОЛОВТЫҢ ІРГЕЛІ ЗЕРТТЕУЛЕРІ –
ТҮРКІ МӘДЕНИ МҰРАСЫН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ
ҚАЙНАР КӨЗІ**

Халықаралық ғылыми-танымдық конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

Өскемен
2025

УДК 80/81

ББК 81.2

А 46

Рецензенттер

Әлімхан А.Ә. - С. Аманжолов атындағы ШҚУ Қазақ, орыс және журналистика кафедрасының қауымдастырған профессоры, филология ғылымдарының докторы

Барбосынова Қ.Т. - Аманжолов атындағы ШҚУ Қазақ, орыс және журналистика кафедрасының меңгерушісі

А 46 Алтай Аманжоловтың іргелі зерттеулері – түркі мәдени мұрасын жаңғыртудың қайнар көзі: Халықаралық ғылыми-танымдық конференциясының Материалдар жинағы. - Өскемен: ҚАЕУ баспасы, 2025. – 122 б.

ISBN 978-601-7707-11-8

Бұл жинаққа Қазақстан-Американдық еркін университеті, «Кетбұқа – Төлегетай» халықаралық қоғамдық қоры және Ұлан ауданының әкімдігі бірлесіп ұйымдастырған «Алтай Аманжоловтың іргелі зерттеулері – түркі мәдени мұрасын жаңғыртудың қайнар көзі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-танымдық конференция материалдары енгізілді. Конференция көрнекті тіл танушы, түркі тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасының, көнетүркі жазуларының әлем мойындағын маманы Алтай Сәрсенұлы Аманжоловтың туғанына 90 жыл толуына байланысты ғалымның түркі әлемінің мәдени мұрасындағы орны мен ролін, оның азаматтық бейнесі мен отансүйгіштік келбетін зерттеуге арналды.

Жинақты Қазақстанның мемлекеттік дәстүрлеріне, өркениетіне қызығушылық танытқан түркітанушылар, аймақтанушылар, филологтар және тарихшылар, студенттер ғылыми-ізденіс жұмыстары барысында, сондай-ақ мүдделік танытқан қалың көпшілік қолдана алады.

Қазақстан-Американдық еркін университеті Ғылыми кеңесінің (18.04.2025 ж. №8 хаттамасы) отырысында бекітілді және басылымға ұсынылды.

ISBN 978-601-7707-11-8



© Қазақстан-Американдық еркін университеті,
2025

© «Кетбұқа–Төлегетай» халықаралық
қоғамдық қоры, 2025

© Ұлан ауданының әкімдігі, 2025

ТАСМАҒАМБЕТОВ ИМАНҒАЛИ

**Ұжымдық қауіпсіздік туралы
шарт ұйымы Бас хатшысы**

***Құрметті Ережеп Әлқайырұлы!
Қадірлі конференцияға қатысушы қауым!***

Сіздерді еліміздің белгілі түркітанушы ғалымы, филология ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Алтай Сәрсенұлы Аманжоловтың ұқ жылдығына орай ұйымдастырылған конференция жұмысының ашылуымен шын жүректер құттықтаймын!

«Ғылым күнкөрістің қамы үшін жасалған сауынды сиырдың сүмесіні де емес, кәсіпқордың қалыпқа құя салатын бұйымы да емес, жалынына жанын күйдіріп, ақыл азабын кешіп қана жасалатын бейне бір түпсіз терең мұхит...». Бұл Алтай Сәрсенұлы Аманжоловтың өзінің ғылымдағы ордалы ойы мен өмірдегі қордалы қызметіне арқау қылған қарақты қағидасы болатын. Том-том жазылған зерттеулері мен тіл біліміне қосқан ондаған аса терең монографиялық туындыларының өзегінде, жүздеген шәкірттерінің санасында, әріптес ғалымдардың ортасында сақталған мирасы.

Әсіресе, парасат иесінің 1969 жылы Мәскеу қаласында жарық көрген «Көне түркі ескерткіштеріндегі етістікті меңгеру» тақырыбындағы монографиясы кезінде тіл білімі майталмандарының жоғары бағасына ие болып, Алтай Сәрсенұлының есімін асқақтата түсті. Міне, осынау ордалы еңбектің арқасында 1975 жылы жазылған ғалымның «Көне түркі жазуының тарихи турал деректер мен зерттеулер» тақырыбындағы докторлық диссертациясы ұлтымыздың тарихын бақандай 1000 жылға тереңдетіп, өркениетімізді ұлықтап берді.

Бұл ретте, әрине, ұрпаққа хат болып қалған ғалымның осынау мол мұрасы мен сол ғылыми мұраны бағалап, зерделеуді мақсат тұтқан бүгінгі алқалы конференцияның жасампаз жұмысы санаға серпін, жүрекке қуаныш ұялатады. Сөз жоқ, оның ұлағаты ең бірінші кезекте өскелең ұрпақ –

жас ғалымдардың жаңа буынына таусылмас рухани азық болады.

Олай болса, академик Алтай Сәрсенұлы Аманжоловтың мерейтойы қарсаңында өткізіліп жатқан ғылыми шараның ұйымдастырушылары Қазақстан-Американдық Еркін Университетіне, «Кетбұға-Төлегетай» халықаралық қоғамдық қорына, Ұлан ауданының әкімдігіне ерекше алғыс білдіремін!

Ғалымның сүбелі зерттеулері қазақ ғылымында жарқырай берсін, конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

МӘМБЕТҚАЗИЕВ ЕРЕЖЕП ӘЛХАЙЫРҰЛЫ
*Қазақстан-Американдық еркін университетінің
Президенті, ҚР ҰҒА академигі*

**Құрметті конференция қатысушылары, қонақтар және
әріптестер!**

Бүгін біз Қазақстан-Американдық еркін университетінде ерекше маңызды халықаралық ғылыми-танымдық конференцияның ашылуына куә болып отырмыз. Елімізден тыс Түркияның, Өзбекстанның және Монғолияның түркітанушылары қатысуға ниет білдірген бұл шара - түркі мәдени мұраларын қайта жаңғыртуда айрықша орын алатын көрнекті ғалым Алтай Аманжоловтың іргелі зерттеулеріне арналған.

Конференцияға жұмысына сәттілік тілеп, құттықтау хатын жіберген мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлттық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Бас хатшысы Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетовке ерекше алғыс білдіремін!

Алтай Аманжолов – түркітану ғылымының негізін қалаушылардың бірі, түркі жазба ескерткіштерін жаңаша зерделеген, олардың тарихи мәнін ашып, тілдік құрылымын жүйелеген аса ірі ғалым. Оның еңбектері көне түркі руникалық жазуларының сырын ашуға, түркі халықтарының тарихи байланыстарын айқындауға және түркі тілдерінің дамуын

зерттеуге зор үлес қосты. Ғалымның қаламынан туған әрбір ғылыми еңбектің маңызы зор, ал оның шәкірттері бүгінде елімізде ғана емес, әлемнің әр түкпірінде түркітану ғылымын дамытуға өз үлестерін қосып келеді.

Қазақстан-Американдық еркін университеті – халықаралық деңгейдегі білім беру мен ғылыми-зерттеу саласында өзіндік орны бар, инновацияларға ұмтылатын оқу орны. Университетіміз көптеген елдермен әріптестік байланыстар орнатып, білім алмасу мен ғылыми ынтымақтастықты нығайтуда маңызды рөл атқарып келеді. Мұндай ауқымды шараларды ұйымдастыру арқылы біз ғылым мен білімді дамытуға, мәдениеттерді жақындастыруға және әлемдік қоғамдастықтағы орнымызды нығайтуға өз үлесімізді қосып келеміз.

Бүгінгі конференцияның мақсаты - ғалымның еңбектерін жан-жақты талдап, оның түркітану ғылымына қосқан үлесін тағы бір мәрте бағалау, сондай-ақ осы саланың болашақ зерттеулері мен бағыттарын айқындау. Бұл шара барысында әлемнің әр түкпірінен келген ғалымдар, сарапшылар мен мамандар өзара пікір алмасып, жаңа идеялармен бөлісетініне сенімдімін. Ғалымның еңбектері мен оның түркітану ғылымындағы жаңашыл көзқарастары келешек зерттеушілер үшін бағыт-бағдар болып, жаңа ғылыми ізденістерге жол ашады деп білемін.

Құрметті әріптестер, конференцияға сәттілік тілей отырып, баршаңызға жемісті еңбек пен жаңа жетістіктер тілеймін!

МУСИН ҚАЙРАТ МАРАТУЛЫ
Кетбұқа – Төлегетай» халықаралық
қоғамдық қорының Президенті

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

Қайырлы күн, құрметті конференция қатысушылары мен қонақтары! Біздің шақыруымызды қабыл алып, осы бір ғылыми-танымдық шараға хош келдіңіздер!

Атағы әлемге әйгілі ғалым Алтай Аманжоловтың мұралары әдетте академиялық институттардың талқылайтын тақырыбы болса керек еді. Оған қоғамдық қордың қанша қатысы бар деген сұрақ бәрілеріңіздің көкейлеріңізде тұрған шығар деп ойлаймын. Ол әрине орынды.

Біздің «Кетбұқа-Төлегетай» қорының белсенділерін, оның мүшелерін халқымыздың тағдыры, рухани болмысы, оның болашағы қатты алаңдатады. Оның үстіне қазақ мемлекеттілігін қалыптастыруға, еліміздің тәуелсіздігіне өлшеусіз үлес қосқан көптеген тұлғалар туралы сол саланың адамдары болмаса, қалың бұқара жете біле бермейді. Міне, сол адамдарды әйгілеу, елге мүмкіндігінше жете таныстыру және насихаттау – жұмысымыздың басты бағыттарының бірі болып табылады.

Сондай адамдардың бірі әрі бірегейі – Алтай Сәрсенұлы Аманжолов.

Алтай ағамыздың түркітанушы ғалым ретіндегі орны мен ролін бүгін осы конференцияға әдейі шақырылған баяндамашылар жан-жақты ашады деген сенімдеміз. Оның азаматтық, адамдық, ұстаздың қырлары да тыс қалмайтынына сеніміміз мол. Сондықтан да конференцияны ғылыми - танымдық деп атадық.

Бүгінгі конференцияда талқыланатын тақырып, әңгіменің өзегі Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамаларымен толық үндесіп жатыр. Оның жыл сайынғы Жолдаулары мен Ұлттық құрылтайлардағы ұлт болашағы туралы бағдарламалық сөздері, **түбі бір түркі**

ағайындардың ынтымағы мен бірлігі, сайып келгенде жаһандық сын-қатерлерге иық тіресе қарсы тұру жөніндегі пайымдары конференция мазмұнының өн бойын көктей өтетініне күмән жоқ.

Бүгінгі шара Қазақстан Алтайының ежелден ата-бабаларымыздың мемлекет құрған киелі мекені екенін жас ұрпаққа насихаттау, олардың жүрегінде мемлекетшілдік пен отаншылдық сезімін нығайтуға қызмет етеді деген үміттеміз.

Осы үмітімізді үкілеуге, әрі Алтай ағаның әлемдік деңгейдегі ғалымдық еңбегін, азаматтық бейнесін паш етуге отандық ғалымдармен қатар, Түркиялық туысқандар, өзбек ағайындар, қырғыз бауырлар келіп қатысып отыр. Оларға шексіз алғыс білдіреміз! Шетелдік қонақтарымызға бір қошамет көрсетіп қойайық!

Құрметті конференция қатысушылары мен қонақтары!

Сіздердің алдарыңызда осы конференцияны ұйымдастырудағы ақылшы ағамыз Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстан-Американдық еркін университетінің Президенті Ережеп Әлқайырұлы Мәмбетқазиевке ерекше ілтипат білдіргім келеді. Ерағамыз Қазақстан ғылымы мен білімінің, оның жоғары мектебінің аңызға айналған тұлғасы. Сіздің ақыл кеңесіңізге, қамқорлығыңызға бір әрдайым мүдделіміз. Мың жасаңыз аға!!!

Конференция жұмысына сәттілік, мағыналы мазмұн тілеймін!

САУРЫҚОВ ЕРБОЛАТ БАЙҰЗАҚҰЛЫ

ҚР Парламентінің депутаты,

филология ғылымдарының

докторы, профессор

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ

Түркітанудың жеке ғылым саласы ретінде дамуына сүбелі үлесін қосқан бір шоғыр талантты ғалымдардың бірі - Алтай Сәрсенұлы Аманжоловтың ғалымдығымен қатар, ұстаздық тағылымы терең. Ұстаз баулыған шәкірттер – бүгінде түркітану ғылымының көрнекті ғалымдары, іргелі зерттеулердің авторы. Ғылым деген қиындығы көп, жауапкершілігі мол салаға бет алғаннан бастап, Алтайдай ағаның шәкірті болғанымды өмірлік сәттілігім, тағдырдың сыйы деп бағалаймын.

Қойнауы терең түркітану ғылымының өзекті мәселелерін зерттеуді тапсырған сәттен бастап, бойымда ұстазыма деген ыстық сезім қалыптасты. Өйткені, Алтай Сәрсенұлының өне бойы тұнған өнеге, тәлім-тәрбие мектебі еді. Қарапайымдылығымен қатар, парасаттылығы мен мұндалап тұратын ұлы ұстазбен кезекті әңгіме-дәрістен кейінгі әсерлерімді сөзбен айтып жеткізу қиын.

Алтай Сәрсенұлы – кең құлашты, өрелі ғалым, алымды да іскер зерттеуші. Аты әлемге белгілі маман-түркітанушының қалам тебіреніп, ой жүгірткен салалары – көне түркі тілінің қалыптасу, даму тарихын, ежелгі түркі графикасын зерттеуде кеңінен көрінді. Ол, ең алдымен, жалпы түркологияның ірі жанашыр өкілі ретінде маңызды мәселелерді жан-жақты тексерді, ұқыпты зерттеді.

Өз зерттеу еңбектерінде ұлтымыздың жазба мәдениетіне қатысты тарихи қазынасы мол, тамыры терең, ғылыми танымға толы құнды мағлұматтарды көптеп береді. Жаһандану тұрғысынан алып қарағанда, ғалым көне түркі дәуірінде түркі қағанаты мен жазба мұраларының ортақтылығын, қазіргі таңда айтылып жүрген Ұлы дала жері туыстас түркі халық-

тарының атамекені болғандығын тілге тиек ете отырып, түбі бір түркі елдерінің татулығы мен бірлігін нығайтуды көздегендігін анық байқауымызға болады. «Түркі филологиясы және жазу тарихы» атты еңбегі бүгінгі түркітану саласы бойынша жетекші оқулық, барлық жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде аса қажеттілікпен қолданылуда. Осы еңбектегі ғалымның: «Алтай-Саян тау қойнауы және Ертістің жоғарғы сағасын көктей өтіп, Сарыарқа мен Жетісу өңіріне созыла жатқан кең аймақ көне түркі этногенезінің аялы алтын бесігі екендігіне ешбір күмән жоқ, оны дәлелдерлік бұлтартпас деректер де жеткілікті ақ, тек көрер көз, ізгі жүрек болса игі» деп, арман өсиетімен бірге қазіргі түркі этностарының ата-жұрт қонысы ортақ екендігіне назар аудартуы, бүгінгі таңда мемлекетіміздің өте маңызды мәселелерінің біріне айналып отырғандығын жақсы білеміз. Халқымыздың қалыптасу тарихына, жазба мұраларына қатысты ғылыми зерттеу негіздер жеткілікті, соның ішінде Алтай Сәрсенұлының бұдан ширек ғасыр бұрын айтқан ғылыми тұжырымдары бүгінгі таңда жан-жақты дәлелденіп, ұлттық дамуымыздың негізгі бастауына айналды.

Рухани жаңғыруға бет алған тәуелсіз Қазақстан үшін түркітану саласын жан-жақты зерделеудің маңыздылығы осындай ұлы ұстаз-ғалым шығармашылығы негізінде айқын таныла түседі.

Аға буын тілші-ғалымдардың жолымен Алтай аға да өз зерттеулерінде тілді ежелгі адамзат тарихында өзіндік орны қалған бірегей көне түркі мәдениетінің басты ерекшелігі ретінде қарастырады.

Адам болмысы – өте күрделі. Адамның адамшылығы – оның еңбегімен бағаланады деген қанатты сөз бар. Осы тұрғыдан келгенде, тынымсыз еңбек пен мұқият ізденісті қажет ететін түркітануды таңдап алып, руханиятымыздың ежелгі бастауларының тарихын, филологиялық мәселелері-мен шұғылдануы – ағаның ешбір бейнет-мехнаттан қашпайтындығын, мол жігері мен тынымсыз әрекеттің адамы екеніне дәлел. Осылармен қатар, мыңдаған шәкірттің жүре-гіне терең

нұр кұйып, жүздеген ассистенттің ғылым жолындағы қадамына бағдаршам болды. Бүгінде ағайдың еңбегі мен жалынды жігері арқасында әрбір шәкірт пен аспирант өз кәсібінің үздік маманы болумен қатар, ел дамуында түрліше қызметтерді атқаруда.

Ұстаз деген ұлы ұғымға лайық әрекетті адал атқаруға әрбір адамның ерік-күші жетісе бермейді. Ұстаздық ұғымды тек біліммен, тәрбиемен ғана емес, адамдық болмыспен астастырып бағалау екінің бірінің қолынан келе бермейтін сауапты іс. Мен мақтанышпен айтып, мақтана басымды иетін Алтай ағаның ғалымдық жолы жалғасуда. Ұстазына деген ұлы құрметпен бүгінгі шараның, торқалы мерейтойдың әрбір қалада жалғасатындығын ерекше айтқым келеді.

Бүгінгі түркітану отыздан астам ұлт, дәлірек айтқанда жетпіс миллионнан аса адам құрайтын империялық кеңістіктің мәдениеті мен тарихын, тілі мен рухани бастауларын кешенді зерделеп қана қоймай, бүкіләлемге таныту мақсатын ұстануда. Тарихы тым ертеден бастау алатын күрделі мәдени-тарихи кеңістік ретінде түркілік әлемді зерттеудің жаңаша арналары пайда болуда.

Өз тарихын терең ұғынып, шын бағалай білетін халықтың ғана болашағы мәңгі болмақ. Бүгінгі алпауыт жаһандану дәуірінде ұлттың ұлттығын сақтап қалатын дүниелер – ұлттың төл тарихы, мәдениеті мен тілі екені анық.

Тәуелсіз елімізде ұмытыла бастаған ескерткіштерімізге, құнды мұраларымызға зерттеу жүргізіліп, барынша танымды әрі терең тағылымын ашуға күш жұмсалуда. Түркі халықтарының дүниежүзі мәдениетіне, адамзат өркениетіне қосқан үлесі ұшан-теңіз және бүкіл әлем ғалымдарының қызығушылықтарын туғызуда. Осы жолда қыруар еңбек атқарған Алтай Сәрсенұлы Аманжолов секілді ұлы ұстаздың ғалымдық, ұстаздың өнегесі келелі зерттеулерді қажет етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, ғұмыры аңызға айналған ғұлама ғалым Алтай Сәрсенұлының келешек ұрпаққа жазып қалдырған ғылыми-танымдық еңбектерінің ғылыми маңыздылығы уақыт өткен сайын күрделеніп, жаңа қырларына тереңдеп,

зерделеу түркі әлемінде өзекті мәселелердің нақты ғылыми пайымдалуына негіз болатыны анық. Және, оны болашақ жастардың еншісінде деп санаймын.

ҚАПАНТАЙҚЫЗЫ ШЫНАР

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің профессоры, педагогика
ғылымдарының докторы
Астана, Қазақстан*

АЛТАЙ АМАНЖОЛОВ – ОРТАҚ ТҮРКІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ¹

Халқының дара перзенті, дарынды түркітанушы, көне түркі руникалық ескерткіштердің Қазақстандағы бірегей маманы, ардақты ұстаз, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Қоғамдық ғылым академиясының толық мүшесі, Қазақ тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының құрметті мүшесі, «Құрмет» орденінің, бірнеше медальдар мен «Қазақстан республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төлбелгісінің иегері Алтай Сәрсенұлы Аманжолов - есімі тек Қазақстан немесе ТМД елдеріне ғана емес, сондай-ақ, көптеген шетелге белгілі түркі тілдерінің тарихи грамматикасы мен көне түркі жазуы тарихы салсының санаулы мамандарының бірі. Өр Алтайдай еңселі, нағыз ғылым жолына бар күші мен жігерін сарп еткен өр тұлға – Алтай Аманжолов зерттеулерінің басты бағыты – көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі, көне түркі жазуының тарихы, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, түркі руникалық графикасы, тіл типологиясы мен графикалық лингвистика, лингвистикалық терминология мәселелері бола-

¹Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.

тын. Осы салада қазақ және орыс тілдерінде бірнеше монографиясы мен оқулықтары, жалпы саны екі жүзден астам ғылыми мақалалары жарық көрді, бірнеше мақаласы түрік, ағылшын тілдерінде шетелдерде басылды.

Бүкіл саналы ғұмырында өз зерттеу еңбектерімен қатар қазақ халқының этникалық құрамы туралы, көне қазақ ру-тайпаларының ежелгі тарихы туралы тереңнен сыр тартқан, қазақ синтаксисінің ғылыми негіздерін қалап, алғашқы мектеп оқу құралдарын жазған ғалым әке аманатын қатар алып жүрген Алтай Аманжолов жалпы редакторлығын өзі басқарып, атақты лингвист ғалым Сәрсен Аманжоловтың көптеген еңбектерін (олардың ішінде бұрын ешқашан жарық көрмегендері бар) баспадан шығарды.

1957 жылы М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Шығыс тілдері институтын бітіріп елге оралған Алтай Аманжолов еңбек жолын Қазақстан Ғылым Академияның Тіл және әдебиет институтында кіші ғылыми қызметкер болудан бастайды. Алайда оқу бітіріп, есейген шағында ғалым әкенің жанында бар болғаны бір жыл ғана болуға жазыпты, уақыт шіркін өз дегенін істейді, 1958 жылы ардақты әке бақилық болады. Үш жыл жұмыс істеген уақытында бүгінде атақты деп жүрген кейбір тілші ғалымдардың «Түркітану деген ғылым бола ма екен», - деген кереғар пікірлеріне де төтеп беруге тура келеді.

1960 жылы өзі бітірген университеттің аспирантурасына қайта оралған шақта нағыз ғылымның жанындағы әлсіздердің талас-тартысын көріп келген жас Алтай ғылымға бар ынта-жігерімен құлшына бас қояды. 1963 жылы профессор В. Насиловтың жетекшілігімен «Көне түркі жазу ескерткіштері тіліндегі етістіктердің меңгеруі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғайды [1]. Осы кандидаттық диссертация негізінде жетекшісі В. Насиловтың жауапты редакторлығымен 1969 жылы Мәскеуде «Наука» баспасында «Глагольное управление в языке древнетюркских памятников» атты еңбегі жарық көреді [2].

Ғылым кандидаты болып елге қайта оралған жас ғалым

1964-66 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтында кіші ғылыми қызметкер ретінде жұмысын жалғастырады. 1966 жылдан бастап ұзақ жылдар бойы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтында доцент, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған уақытында, одан кейін 1979 жылдан бастап 1995 жылдарға дейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің жалпы тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, 1995 жылдан бері қарай кафедра профессоры, көне түркі жазба ескерткіштері орталығының директоры болған жылдарында Алтай Аманжолов ғылыммен қатар қиын да қызықты ұстаздық жолды қатар алып жүреді. Университеттің филология факультетінің студенттері мен магистранттарына «Түрік тілі», «Жалпы тіл білімі», «Көне түркі тілі», «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы», «Түркі филологиясына кіріспе» және «Графикалық лингвистиканың проблемалары» пәндерінің қыр-сырын жалықпай, талмай үйретіп, маңызды ғылыми проблемаларды нақты дәлелдермен түсінікті түрде ашып береді. Ең бастысы, ғалым бұл ғылыми пәндерді жай жүргізіп қана қоймай, олардың алғашқы типтік бағдарламалары мен оқу құралдарын, әдістемелік нұсқауларын да жазды.

Ұзақ жылдар бойғы зерттеулерінің нәтижесінде 1975 жылы Мәскеуде «Көне түркі жазуының тарихы туралы деректер мен зерттеулер» тақырыбындағы докторлық диссертациясын қорғайды [3]. Осы зерттеуінде А. Аманжолов V-VI ғасырлардағы көне түркі дәуірінен бастау алды деп жүрген көне түркі жазуларының пайда болып, қалыптасқан мерзімін 1000 жылға кейінге шегеріп, жылсанауымыздан бұрынғы Алтай дәуірінің өзінде қолданылған сақ жазуының заңды жалғасы екендігін дәлелдеп, ғылыми тұжырымдалған, тілдік деректер негізінде дәлелденген болжамын ортаға салады. Араға 30 жыл салып, жаңа эпиграфиялық және палеографиялық деректер негізінде докторлық диссертациясының ғылыми тұжырымдары екшеліп, дәйектеліп, қосымша тілдік және ғылыми деректермен толықтырылып, 2003 жылы «Мектеп» баспасынан «История и теория древнетюркского письма»

атты еңбегі жарық көреді [4]. Түркітану ғылымында ерекше орын алған бұл сүбелі монографияда көне түркі руникалық графикасына түбегейлі талдау жасалып, Қазақстан бойынша соны эпиграфикалық материалдар ұсынылды, түркі руникалық алфавитінің қалыптасу тарихына қатысты маңызды теориялық тұжырымдар айтылды.

Қазан қаласында түркология мен шығыстану тарихының мәселелеріне арналған конференцияға (1960 жыл), Москвада Көне Шығыс мәдениеті тарихын, филологиясын сөз еткен III Бүкілодақтық конференцияға, Берлинде тұрақты халықаралық алтаистикалық конференцияның XII мәжілісіне (1969 жыл), Ленинградта Бүкілодақтық түркологиялық конференцияға (1970 жыл), Уфада этнография-антропологиялық зерттеулері нәтижелері бойынша Бүкілодақтық сессияға (1980 жыл), Алматыда совет-түрік коллоквиумына (1990 жыл), Анкарада түркі мәдениеті конгресіне және алфавит, емле, жазу мәселелері тақырыбындағы халықаралық түркологиялық құрылтайға (1993 жыл), Астанада халықаралық түркологиялық конференцияға (2001 жыл), Измирде түркі дүние мәдениет құрылтайына (2006 жыл) т.б. қатысып, ғылыми баяндамалар жасап, көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеуші әлемдік деңгейдегі саусақпен санарлық ғалымдардың ортасында шоқтығы биік саралы ойларын ұсынды.

Дүниежүзі түркітанушы ғалымдарының арасында аса сыйлы А.С. Аманжоловқа әсіресе гагауыз ұлтының өкілдері ерекше ризалық сезімдерін білдіріп отыратын. Оның себебі, аспирантурада оқып жүрген жылдарынан бастап гагауыз халық ауыз әдебиетіне қызығушылық танытқан ғалым Қазақстанда тұратын аздаған гагауыз өкілдерінің арасында болып, ұмытылып бара жатқан сирек фольклор үлгілерін хатқа жазып алып, баспаға ұсынады [5]. Нақ осы ғалым ертегі, мақал-мәтел т.б. халық ауыз әдебиетінің үлгілерінің арқасында ұлттық фольклорларының құнды материалдармен толыққанын жинаған гагауыз ғалымдары ашық мойындайды.

Алтай Сәрсенұлының ерекше бір қыры - ақындық өнері. Мектепті орыс тілінде бітіріп, жастық шағын Мәскеуде

өткізген А. Аманжолов қазақы салт-дәстүрді берік ұстанып, ҚазМУ-да қырық жыл коллоидты химиядан қазақ тілінде дәріс оқыған анасы Евгения Степановна мен ардақты ғалым әкенің тәрбиесінің арқасында ана тілін қанша ұмытпаса да, өзінің ана тілін білу деңгейіне сын көзбен қарап, ұстаздық жолы басталған алғашқы жылдардан бастап алдына ана тілін жоғары ғылыми, әдеби деңгейде меңгеру міндетін қойып, қазақ тілінде дәрістер оқып, ғылыми еңбектерін жаза бастайды. Ғалым ағаның қазақ тіліндегі іргелі ғылыми еңбектері мен араб графикасымен Қытайда басылып тұрған «Шалқар» газетінде жарық көрген қазақ тіліндегі бірнеше өлеңдері осы мақсатына қалай жеткеніне дәлел бола алады.

Сондай өлеңдерінің бірі «Аға сөзі» 1986-1987 жылдары Пекиндегі Орталық Ұлттар институтында қызмет атқарып жүрген кезде жазылады. Оған композитор И. Төлеубайұлы ән жазады. «Қалқатай, төріміз – алтын Алтай», - деп, қытайлық әнші қарындасына арнаған әнінен ақ жүрегі, туған жерге деген терең сағынышы көрінеді [6].

А. Аманжолов 1993-1994 жылдары Түркия республикасының Трабзон қаласындағы Қара теңіз техникалық университетінде түркітанудан, қазіргі қазақ тілінен лекциялар оқыды. Алтай Сәрсенұлының сол шетелдік іссапарында түрік тілі мен әдебиеті бөлімінің оқытушыларымен бірге сол жерде магистратурада оқып жүрген маған да ғалымның дәрістеріне қатысу бақыты бұйырыпты. Түрік оқытушылары ғалым ағаның аузынан шыққан әрбір сөзін қағазға жазып алып, сұрақтың астына алатын. 35 жыл бұрын 1952-57 жылдар аралығында Мәскеу мемлекеттік университетінде оқыған түрік тілін ұмытпаған Алтай Бей дәрістерін таза ғылыми түрік тілінде еркін жүргізетін.

1993 жылы көне түркі жазба ескерткіштерінің оқылуының 100 жылдығына орай Анкара қаласында өткен ғылыми симпозиумға қатысып, түрікше баяндама жасап, өзінің соңғы жылдарда ашқан тың жаңалықтарын ғалымдар назарына ұсынды. Сол іссапарында түрік тіліндегі тағы басқа бірнеше мақалаларымен бірге Анкара қаласынан шығатын «Жаңа

көзқарас» атты ғылыми басылымда «Түркі халықтарын жақындастыру мақсатында латын әліпбиіне көшуіміз қажет» атты мақаласын жариялайды [7]. Бүгінде арада жиырма жыл уақыт өткенде өзекті саналып отырған латын әліпбиіне көшу мәселесінің ең бірінші кезекте түркі халықтарының бірлігі мақсатында үлкен рөл атқаратынын атап көрсетеді. Шет елдерде қызмет атқарған екі оқу жылында қазақ және түрік тілдерінде екі көлемді ғылыми еңбегі жарық көреді («Бабалар сөзі», Пекин (Қытай), 1988; «Ортақ асыл мирас», Трабзон (Түркия), 1994) [8, 9].

Жарты ғасыр ғұмырын ата-баба жазуының этногенезі мәселесіне, олардың жазу мәдениетінің құпия сырын ашуға бағыштаған ғалым Алтай Сәрсенұлы өткен ғасырда Жетісу өлкесінен табылған ежелгі жазу үлгілерін зерттеп, оқып, талдай келе, Ескендір патшаның заманында, я одан бір-екі ғасыр бұрын таралып, Орта Азия мен Қазақстан жерінде әлдебір құпия “өнер” есебінде, буддалық монастырлерде ұзақ уақыт өткеніне қарамастан, өзгерілмеген қалпында сақталған грек алфавитімен жазылған жазулар екенін анықтап, ата-бабаларымыз көне грек жазуын да білген деп қорытады. Көне түркі алфавиті мен ертедегі грек алфавитінің арасында генетикалық байланыстың бар екенін анықтап, қазақ жазуы тарихының көне тамыры арамей таңбаларынан бастау алған деген ғылыми ойын нақтылай түседі.

Бұдан бес мың жыл бұрын адамзат тарихындағы алғашқы мемлекеттердің, Библия (Таурат) кітабындағы аңыздардың, Адам ата мен Хауа ана дәурен сүрген «ұжмағының» дүние-жүзілік алғашқы жазба әдеби туындылардың мекені болған Ертедегі Месопотамия (Қосөзен) төңірегіндегі Шумер елінің ежелгі халықтық аңыздарын өзек еткен Гильгамеш туралы эпикалық жырда кездесетін лексикалық сәйкестіктерге сүйене отырып, алғашқы түркілердің (прототүркілердің) бір бөлігі бұдан бес мың жыл бұрын Месопотамия (Шумерге) келген, соның нәтижесінде алғашқы шумер ескерткіштер тіліне де белгілі деңгейде әсер еткен деген тұжырым жасайды [10, 66 s.].

Бильгамес (Гильгамеш) сөзі мен Білге қаған деген түркі қағандарының лауазымы арасындағы біраз ұқсастық барын айта келіп, тілдер мен этностардың бір-бірімен қарым-қатынасы, өзара байланысы, араласы нәтижесінде сөз ауысу процесі ертеден-ақ белгілі екенін, сондықтан алғашқы түркі тайпа тілдерінің әлдебір із-көрінісін көршілес елдер тілдеріне тигізген әсерлерінен де байқауға болатынын ескертеді. Сондықтан Орталық Қазақстандағы, Сарыарқадағы Кеңгір өзен атының Кеңгер (Шумер) жерінің атымен үндес келуі тегін емес, тілдік жақындық пен тайпалардың араласып байланысуынан пайда болды, жер-су аттарының халықпен бірге жасап, алда-жалда басқа жаққа қоныс аударса, өздеріне сүйікті де үйреншікті аттарды жаңғыртқан көне дәстүрі күні бүгінге дейін сақталған деп атап көрсетеді.

Археологтар әкеліп берген көне белгілер кездесетін әртүрлі жәдігерлерді үлкейткіш әйнекпен бір-бірлеп тексеріп, жазу немесе жай сурет екендігін анықтап, көне жазба таңбалар болса, оқып, ғылымға қосып отырған ғалым аға Үржар ауданынан табылып, Эрмитаждың ертедегі Шығыс бөлімінің көрмесінде тұрған гүлмен көмкерілген қола айнадағы руникалық жазуды «Ер азамат, шарап (ішу) - мезгілсіз өлу» деген қағида, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болар ұлағатты өсиет деп оқып шығады. Күршім ауданынан табылған төртбұрышты тас мөрдегі жазуды «Сөзүм» деп оқып, іс қағаздарын сол көне дәуірлерден-ақ жүргізген түркі халқы құжатты растау мақсатында «бұл менің соңғы сөзім, осы сөзімнен қайтпаймын, рас екендігіне кепілмін» деген терең мағынаны беретін құнды жәдігер екенін анықтайды [11].

Талас, Іле, Сыр, Ертіс өзендері бойынан табылған көптеген ірілі-ұсақты көне руникалық ескерткіштерге тіл бітіріп, оқып, сырын ашқан бірден-бір ғалым А. Аманжолов өзіне дейінгі аудармалардың ішіндегі кейбір қате тұстарын анықтап, ғылымға әділеттілік әкелу жолында да орасан еңбек сіңіреді. Мысалы, В. Радловтың «Қырғыз бодунуғ уда бастымыз» деген жолдарды «Қырғыз халқын (тайпасын) ұйқыда бастық» деп аударғанын «Түркі тайпалары өз ішіндегі талас-

тартыстарда қарсыластарын үнемі ұйқыда жатқан жерлерінде басып-жаншып, жаулап алып отырған» деп, өз тарихи очерктерінде түркі халықтарына қарсы дерек ретінде пайдаланып жазған тарихшы ғалым С. Кляшторныйдың пікірін теріске шығарып, В. Радлов аудармасына түзету енгізеді. «Уда бастымыз» тіркесіндегі «у» - ұйқы, «-да» - жатыс септігінің жалғауы түрінде берілген аударманың қате екендігін, дұрысы – «уд» - ізінен, өкшелей жүріп, «-а» көсемше жұрнағы екендігін ғылыми түрде дәлелдеп, қате жазылып кеткен тарих беттеріндегі әділетсіздіктің жолын кеседі.

А. Аманжоловты көне түркі жазба ескерткіштерінің бірден-бір бірегей маманы дейтініміз, «біз де осы саланың маманымыз» деп жүрген бірқатар басқа ғалымдарға қатысты 1973 жылы ыңғайсыз бір оқиға болады [12, 363-364 с.]. «Комсомольская правда» газетінің 1973 жылғы 13 ақпандағы санында «Пробный камень» тақырыбында тастағы жазуларды танымай, бұдан 2500 жыл бұрын жазылған көне-түркілік жазулар деп, 8 тонналық тасты сонау Қапшағай-дан көтеріп, Ғылым академиясының алдына алып келген қазақ ғалымдарын әжуалаған мақала шығады. Мәселенің мәнісіне келсек, оқиғадан 1 жылдай уақыт бұрын «Қыз Жібек» көркем фильмін түсіру барысында ондағы Шеке домбырада күй ойнап отырған кадрда жанында тұрған таста көне жазулар болсын деп жоспарлаған фильмнің ғылыми кеңесшісі ақын О. Сүлейменов осы бағытта кеңес алу үшін А. Аманжоловқа келеді. А. Аманжолов берген В. Радлов аудармасының көшірмесіне қарап отырып, суретші ұйғыр жігіті ескерткіштегі жазудың басы мен аяғы қайда деп ойланып жатпастан, орта тұсынан үзіп-үзіп алып, тасқа қашап, жазуды жазып шығады. Кейін тас сол фильм түсірілген жерде қала береді де, бірде мектеп оқушыларымен саяхатқа шыққан бір мұғалім Ғылым академиясына жазуы бар ерекше тас көргендерін айтып хабарласады. А. Аманжоловтың бұл оқиғалардан еш хабары жоқ, өздері ғана жаңалық ашып, қарық боламыз деп ойлаған бір топ ғалым тасты көруге аттанады. Егер олар жазуды шын мәнінде оқи алған болса, атақты Күлтігін

жырынан алынған үзінділер екенін, сөйлемдердің басы мен аяғы қиыспай тұрғанын білер еді.

Өр Алтайдың асқақтығын бір бойына сидырып, жасынан ғылымның соқтықпалы, соқпақсыз жерлеріне түрен салып, екінің бірі жүрегі дауалап, зерделей алмайтын көне жазба мұралардың тілін қиыннан қиыстырып, жігерлілікпен зерттеп, бар өмірін нағыз ғылымға арнаған нар тұлға Алтай тауындай еңселі күйінен таймай, біреуге жағынып, жақсы атануды білмейтін қайсар мінезімен, ғылым жолында адалдықты мақсат тұтып өтті. 18 ғылым кандидаты, 4 ғылым докторын дайындап, өзіндік мектебін қалыптастырды. Шәкірттері, көпшілік ғылыми қауым Алтай Аманжоловтың ғалымдық, адамдық тұлғасын ешқашан естен шығармақ емес. Артына қалдырған баға жетпес ғылыми еңбектерімен әлемдік түркітану ғылымына ерекше үлес қосқан қазақ ғылымының көрнекті өкілі, белгілі түрколог ғалым Алтай Аманжоловтың бай мұрасын зерттеу – болашақтың ісі.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер

1. Аманжолов А.С. Глагольное управление в языке памятников древнетюркских письменностей: Автореферат дисс. на соиск. ученой степени кандидата филологических наук. - М., 1963. – 18 стр.
2. Аманжолов А.С. Глагольное управление в языке древнетюркских памятников. - М., 1969. – 101 стр.
3. Аманжолов А.С. Материалы и исследования по истории древнетюркской письменности: Автореферат дисс. на соиск. ученой степени д-ра филологических наук. – Алма-Ата, 1975. – 71 стр.
4. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. – 368 стр.
5. Семей облысында тұратын гагауыздардан жазылып алынған фольклор тексттері // Қазақ диалектологиясы. –

- Алматы, 1965. – 234-246 б.
6. Аманжолов А.С. Аға сөзі: Өлең [Әні Ә. Төлеубайұлынікі] // Лениншіл жас. – 1988. – 24 дек.
 7. Аманжолов А.С. Turk halklarini yakinlastirmek maksadiyla latin alfabesine gecmeliyiz // Yeni Dusunce. – Ankara, 1993. – 8 Ekim.
 8. Аманжолов А.С. Бабалар сөзі. – Пеки: Ұлттар баспасы, 1988. – 67 бет (араб графикасында).
 9. Аманжолов А.С. Ortak asil miras = Ортақ асыл мирас. – Trabzon: Karadeniz Teknik universitesi, 1994. – 38 s.
 10. Аманжолов А.С. «Шумер» – тюркские соответствия и изобразительные логограммы // Sprache Geschichte und Kultur der Altaischen Völker. - Berlin, 1974. S. 65-71.
 11. Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996. – 127 бет.
 12. Аманжолов А.С. Опыт изучения тюркских языков. – Астана: Фолиант, 2012. – 400 стр.

ЙЫЛДЫРЫМ КЮРШАТ

*Тарих ғылымдарының докторы, профессор
Истамбұл университеті, Түркия*

АЛТАЙ АМАНЖОЛОВТЫҢ ЕЖЕЛГІ ТҮРІК ЭТНОГЕНЕЗІ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫН ЗЕРДЕЛЕУ

Этногенез – этникалық топтың қалыптасуы мен дамуы. Л. Гумилевтің пікірінше, адам тек қоғамның ғана емес, сонымен бірге этникалық топтың да мүшесі болып табылады. Этногенездің өнімі ретінде этникалық тарих жүзеге асып, тарихта өз ізін қалдырады. Тарих ғылымы уақыт ішінде орын алған осы процестерді зерттейді. Гумилевтің айтуынша, этносты анықтайтын нақты критерийлер болмаған жағдайда да, «этнос – өзін басқа барлық қауымдастықтардан ерекшеленді-

ретін адамдар тобы». Этнос оны құрайтын адамдардың ұқсастығынан гөрі, олардың өзара қарым-қатынастарының үздіксіздігіне негізделеді¹.

Этногенез термині алғаш рет әдебиет зерттеулерінде аталған. Бұл ұғым 1930-1940 жылдары ғылыми тұрғыдан антропология мен археологияда қолданылған. «Этникалық топ» термині әлдеқайда бұрын анықталғанымен, «этногенез» ұғымының жаңашылдығы этникалық топтардың пайда болуына ерекше назар аударуы арқылы ерекшеленеді. Сондықтан теорияда этникалық топтардың бар екені мойындалады. Теориялық көзқарастар алғаш рет 1940 жылдардың ортасынан бастап Латын Америкасына қатысты этнологтар мен антропологтардың зерттеулерінде және Кеңестік тарих пен этнологияда пайда болды. Екі жағдайда да ортақ тарихи және мәдени ерекшеліктері бар және басқа қауымдастықтардан ерекшеленетін адам топтарын сипаттау үшін қолданылған. Ғалымдар этногенезді тарихи процестердің нәтижесі ретінде қарастырды. Сондай-ақ қоғамдардың ұрпақтан ұрпаққа әлеуметтік құндылықтарды үздіксіз жеткізіп отырғанына назар аударды².

Белгілі түркітанушы Алтай Аманжолов түрік халқына тиесілі тілдік мұраларды зерттеумен ғана шектелмей, ежелгі түрік этногенезі туралы да пікірін білдірген³. Осы қырынан ол түркологияның тарих, археология, этнография, география сияқты салалардан қалай пайда көре алатынын көрсеткен. Оның өзі мүше болған ұлы түрік отбасының ең көне замандардағы этникалық қалыптасу тарихы туралы ойлары біз, тарихшылар үшін, аса құнды.

1. Түркітанудың ең күрделі салаларының бірі – ежелгі

¹ A. Farzaliev, ve G. Sazak, “Lev Nikolayeviç Gumilëv ve Etnogenez Kuramı”, *Türkiyat Mecmuası*, 26(1), 2016, 118-120.

² N. C. Tiesler, “The Conceptual History of Ethnogenesis: A Brief Overview”, *New Diversities*, 23 (1), 2021, 84-85.

³ Altay S. Amanjolov, *Türk Filolojisi ve Yazı Tarihi*, Ötüken, İstanbul, 2006, 33.

түрік этногенезі. Алтай Аманжоловтың пікірінше, бұл мәселе шешілмейінше, түрік ру-тайпаларының бір түбірден таралғанын, тарихи және мәдени ортақтығы бар екенін түсіндіру қиын болады. Ғылым әлемінде белгілі бір қалыптарға салынған қате түсініктер аясында бұл мәселені шешу мүмкін емес. Оның айтуынша, әртүрлі ғылыми салалардың тоғысуы қажет. Түріктердің тарихы, тілі, мәдениеті бойынша әсіресе шетелдік зерттеушілер жасаған жұмыстардағы негізгі проблема да – зерттеушілердің көпшілігінің түрік тілін білмейтіндігінде. Тілді білмейтіндердің ойды түсінуі мүмкін емес. Аманжолов айтқандай, тіл этникалық мәнге ие. Сондықтан этникалық топ туралы пікір айту үшін ең алдымен сол этникалық топтың тілін, демек, ойлау жүйесін білу қажет. Зерттеушілер түріктердің мәдениеті мен өркениетін жеткілікті деңгейде үйренбестен, бөлек-бөлек мәтіндерге сүйеніп қорытынды жасайды, тіпті кейде бір жазбадағы жалғыз сөйлемнен түріктерге тән емес мәдени элементтер туралы айтады, соның негізінде тарих құруға тырысады.

Тағы бір маңызды мәселе – қоғам психологиясы. Түрік қандай жағдайға қалай жауап береді? Түрік үшін не қасиетті, не елеусіз болып табылады? Осындай себептермен Аманжоловтың айтқаны дұрыс. Зерттеушілер тар көзқараспен қарап, қалыптасқан пікірлермен әрекет етеді. Ежелгі түрік этногенезін түсіну үшін тарих, археология, тіл, әдебиет, әлеуметтану, дін, география және басқа да салаларды пайдаланып, біртұтас тұрғыда бағалау жасау қажет.

2. Аманжоловтың пікірінше, Алтай-Саян тауларынан бастап Ертіс өзенінің жоғарғы ағыстарын, Сарыарқа мен Жетісуды қамтитын аймақ – түрік этногенезінің алтын бесігі. Ол бұл туралы дәлелдер өте көп екенін, тек оны көретін көз бен сезетін жүрек жеткілікті екенін айтады. Археологиялық деректерге сәйкес, Оңтүстік Сібір мен Қазақстан даласында өмір сүрген, мал шаруашылығы және егіншілікпен айналысқан қола дәуірінің тайпалары мен Азияның алғашқы көшпенділері (Азия скифтері – сақтар) европеоидтік Оңтүстік Сібір типіне жататын. Сақ тайпалары жерлері, өмір сүру

салты, этникалық ерекшеліктері мен тілдері жағынан бір-бірінен айырмашылық жасады. Олардың шығу тегі жөніндегі даулардың шешімі археологиялық деректерде жатыр. Осы тұрғыда Аманжолов көрсеткен «түрік этногенезінің алтын бесігі» саналатын география бізге бағыт береді.

Мамандар түріктердің атамекені ретінде Хакасияны, Алтайды, Байкал көлі маңын, Қырғыз далаларын және т.б. ұсынған. Ішкі Азияның этникалық құрылымының қалыптасуында европеоид тайпаларының рөлі зор болды. Ішкі Азияда европеоид типті адам қалдықтарының табылуы әртүрлі теориялардың пайда болуына және арий, арийлер, иран тілдестер мен үнді-еуропалықтар туралы теориялардың ұсынылуына себеп болды. Бұл европеоид типтегі адам қаңқалары Байкалдағы мәдениетке дейін кездесіп, Ангара алқабы бойында неолит дәуірінде де шығысқа қарай европеоид типті адамдардың мекендегенін көрсетеді. Алайда тайпа, ру немесе халықтың тарихын тек қана қаңқа типіне немесе тек тілдік деректерге сүйеніп түсіндіруге тырысу көптеген мәселелердің толық зерттелмеуіне әкеледі.

Энеолит, яғни мыс тас дәуіріне жататын Афанасьев мәдениеті Алтай / Саян таулары мен Енисей алқабы бойында анықталған. Сондай-ақ бұл мәдениетке тиесілі қорымдар Моңғолия Алтайында да табылған. Бұл қорымдардың ең ерте кезеңіне қатысты хронологиялық даталау соңғы уақытта Таулы Алтайда жүргізілген Фирсов қазбалары арқылы біздің дәуірімізге дейінгі 4-мыңжылдыққа жататын алғашқы үлгілердің алынуымен аяқталғанымен, жаңа деректер табылған сайын нәтижелер өзгеруі мүмкін екенін ескеру қажет¹.

Андронов мәдениетінің (б.д.д. 2000-1000 жж.) европеоид типті адамдары Енисей мен Алтайдағы Афанасьево негізіндегі долихокефалдармен байланысты. Бұл мәдениет кезеңінде мал шаруашылығына негізделген экономика байқалады.

¹ Elvin Yıldırım, “Orta Asya’da Erken Kültür Dönemleri ve Türk Kültürünün Ortaya Çıkışı”, *İnsanlığın Serüveni Dünyanın Oluşumundan Sanayi Devrimine*, Ed. A. Taşağıl-A. Kar, İstanbul, 2018, 154-155.

Мыс пен қалайыны балқытып, қоладан өнімдер жасаған, бүкіл Сібір мен Қазақстан даласы бойында таралған бұл мәдениет дәуірінің қауымдары Дала мәдениетінің негізін қалап, түріктердің ерте ата-бабалары болды¹. Б.д.д. 1200 жылдары Андронов мәдениеті жойыла бастады, ал Батыс Сібір далалары мен Енисей аймағында оның орнын Қарасу мәдениеті басты.

Қазақстан жерінде де таралған бұл мәдениет кезеңінде қорымдардың түрлерінде өзгерістер орын алды. Б.д.д. 1000-800 жылдары Жоғарғы және Орта Енисей өңірінде Қарасу мәдениетінің орнын Тагар мәдениеті алмастыра бастады. Антропологиялық зерттеулер Тагар адамдарының европеоид типті болғанын көрсетеді. Тагар қоғамының Енисей алқабы мен Алтайда Афанасьев, Қазақстанда Андронов және Қарасу мен Алай аймағындағы сақтардың типологиясын бойына сіңіргені анықталған. Енисей мен Алтай өңірінен табылған Тагар кезеңінің антропологиялық типі Афанасьев-Андронов кезеңіне жақын.

Тагар мәдениеті кезеңінде Енисей мен оның маңында белсенді болған халық Динлиндер еді. Олар Қытай деректерінде Теле («Түрік»), Чиле («Түрік») деп те аталған. Шын мәнінде, Динлин, Теле, Чиле атаулары мағынасы бірдей сөздердің әртүрлі жазба нұсқаларына сілтейді².

Аманжоловтың ойынша, қытай деректерінде көрсетілген көне түрік атауларын (этнонимдер, топонимдер, антропонимдер) дұрыс дыбыстау қажет, өйткені атаулардың әртүрлі тілдерде айтылуы мен жазылуының сәйкессіздігінен қателіктер туындайды. Мысалы, кейбір тайпалардағы жазу және тіл

¹ Elvin Yıldırım, *Türk Bozkır Kültürünün Doğuşu Andronovo Kültürü*, Ötüken, İstanbul, 2020.

² Elvin Yıldırım, "Türk Etnogenezi Meselesinde Neolitik- Tunç ve Demir Çağları'ndaki Kültürler Üzerine Bir Değerlendirme", *Gaziantep University Journal Of Social Sciences*, XIX/2, 2020, 447-458; Elvin Yıldırım, "İç Asya'da Demir Çağına Geçiş / Karasuk Kültürü ve Türkler", *Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim (TEKE) Dergisi*, XIII/3, 2024, 816-837; Yıldırım, "Orta Asya'da Erken Kültür Dönemleri", 157-158.

элементтеріне сүйене отырып, Үйсін еліндегі хан әулетінің Ашина түріктеріне жақын болғанын көруге болады. Қытай деректеріне сәйкес, б.з.д. III-I ғасырларда сақтардың жерінде Үйсін, Қаңлы, Юэчжи тайпалары өмір сүрген. Ғұндардан қашқан үйсіндер Тянь-Шань таулары мен Жетісуға қоныстанды. Юэчжилер Әмудария маңында Кушан мемлекетінің негізін қалады. Қаңлылар Сырдария бойына қоныстанды¹.

3. Аманжоловтың пікірінше, егер олардың тілдері анықталса, ғұндардың түркі тілінде сөйлегеніне ешкім күмән келтірмейді, бірақ көне түрік этногенезін тек ғұндармен шектеу дұрыс емес. Сақтардың мұрагері болған үйсіндер де түркі тілінде сөйлеген. Бұл қытай деректерінен көрініп тұр, өйткені лауазымдар да түркіше болды (Күн бек, Ұлық, Тархан және т.б.).

Оның айтуынша, б.з.д. III-I ғасырларда үйсіндер тілінде түркі сөздерінің болуы, кеңес дәуіріндегі тарихи әдебиеттердегі түркітануға қатысты көзқарастарға қайшы келеді. Үйсін әулетінің Ашина түріктерімен байланысы бар екенін айтқан Аманжоловтың пікірінше, «үйсін» этнониміндегі «ус» түбірін түркіше «ұс» немесе «ас» сөздерімен байланыстыруға болады. Бұл сөздер Қашқари Махмұттың еңбегінде «қартал» (бүркіт) деп берілген. Тоныкөк жазуындағы «түрік есір бодуны» «түрік бүркіт халқы» дегенді білдірген (Тыва тілінде «езир» сөзі әлі күнге дейін «бүркіт» мағынасында қолданылады), бұл Ашина әулетінің тағы бір атауы².

Аманжоловтың тұжырымдары тарихымыз үшін үлкен құндылыққа ие. Шынында да, қазақ халқын құраған тайпалар арасында үйсіндерден қалған ұрпақтар болған. Қазақтардың Ұлы жүзін құраған қаңлылар (Қаңғұй) да солардың бірі, ал Ұлы жүзді үйсін тайпалар бірлестігі деп көрсеткен³.

¹ Aманжолов, *Türk Filolojisi ve Yazı Tarihi*, 60.

² Aманжолов, *Türk Filolojisi ve Yazı Tarihi*, 36

³ Li Qian, “Wusun: Yuanzai Yili Hepan”, *Renwen Zhanggu*, 2019, 62.; Osman Yorulmaz, “Moğol İstilas Sonrası Kanglılar/kanklılar”, *Bilig*, 40, 2007, 210.

Қытай деректеріне сәйкес, Батыс Түрік қағаны Тардудың Он оқ, Қарлұқ, Шігіл, Чуми және Құмыл арасында үйсіндердің ежелгі жеріне иелік еткені айтылады¹. Бұл қауымдардың әдет-ғұрыптары көк түріктермен бірдей болып, сөйлеген тілі түркі тілінен аздап қана ерекшеленген. Қытай-лық зерттеуші Цянь Боцюань үйсіндердің сөйлеген тілі түркіше болған деп санайды. Осыған сәйкес, үйсін билеушілерінің «Күнби» деген атағындағы соңында тұрған «би» сөзі, сондай-ақ Нандоуби, Лежаоби, Синби сияқты есімдерде кездеседі. Бұл жалғау түркі тіліндегі «м-б» дыбыстарының алмасуымен байланысты болуы мүмкін және «би» деген мағынаны білдіруі де мүмкін².

Профессор А. Аманжолов бұл ғылыми болжамдарға келіспейді, өйткені көне түркі тілінде басқы буында *ө/ү* дыбыс алмасуы кездеспейді дейді. Ал өзі М. Қашқари еңбегіне сүйене отырып, *түрүк* сөзі «шыңның басы, ең жоғарғы нүкте, биік» деген мағына беретінін дәлелдеп шығады. М. Қашқари сөздігінде *түрк құйаш өді* «күннің ең жоғары көтерілуі, тал түс уақыты», *түрк йігіт* «кемеліне келген, жасы толысқан жігіт» мағыналы сөз тіркестері бар екені рас. Кейінгі қырғыз тілінде сақталып қалған *түрүк қой* «ірі, семіз қой», бурят тіліндегі *түрүү* «бірінші, басты, алдыңғы, құрметті» сөздері де осы мағынаны қолдай түседі. Осы дәлелдерді келтіре отырып, Алтай Сәрсенұлы *түрк* / *түрүк* термин-этнонимі «бас, басты, көсем», «бір нәрсенің жоғарғы жағы, ұшы, басы» мағынасымен жеке бір тайпаны емес, түрік қағанатын құрып, ұзақ уақыт билеген ашина тайпасын атағанын атап көрсетеді [4]. Кейін бұл ат бүкіл түркі тайпаларының жалпы атауына

айналып кеткен.

Алтай Сәрсенұлы осы еңбегінде *түргеш/түркеш* этнониміне тоқталып, оның құрамындағы *-еш* атау септігінің көне, өлі жұрнағы деп табады. Поляк ғалымы В.Л.Котвич мұндағы *еш* «дос, жолдас» деген жеке сөз деген еді. Ал біз өз болжамымызда, *түрік + еш* (кішірейткіш мәнді жұрнақ) деп есептеп *түргеш* этнонимі «кіші түріктер» деген мағына беретінін ұсынған болатынбыз [5].

Талас ескерткіштері тобына жататын Айыртам-Ой тасына жазылған мәтіндегі *Қар Йазмас* атты антропонимді «қолының қары жазбас» (қолы жаза баспайтын мерген – Б.Б.) деген анықтама беріп кетеді [4]. Осы ескерткіште кездесетін *Удун* антропонимінің «зұлым, қаскөй» деген мағына беретінін жақша ішінде көрсетеді. Шынында да, «Көнетүркі сөздігінде» *удун* сөзі «дөрекі», «жаман», «бұзылған» деген мағыналарда қолданылатыны жазылған [6]. Біз бұдан көне түркілер адамға лақап ат бергенде, жағымды мағынамен қоса, жағымсыз мағыналы сөздерді де пайдаланғанын байқаймыз.

«Айыртам-Ой–4» ескерткішіндегі *отыз оғылан* тіркесінің этноним болуы мүмкін екенін айта келіп, орхон тастарындағы *отыз татар* этнонимімен және қырғыз ішіндегі *отыз уул руымен* байланыстыра қарайды [4].

Талас тас мәтіндерінде кездесетін *Ешқұлы* антропонимін, тура мағынасында *Досқұлы* деп; *Сағұнақ* антропонимін көне қала *Сығанақтан* шыққанын т.б. аударма кезінде қосымша талдап кетіп отырады.

Профессор А. Аманжолов Күлтегін ескерткішіндегі *кеңгерес / кеңерес / кеңіріс* сөзіне байланысты даулы пікірлерге нүкте қоя білді. Күлтегін үлкен жазуының 39-жолындағы *кеңгерес* сөзін В. Томсен «...Кеңгереске қарай барды» түрінде оқып, топоним деп таныған. Ал Сергей Ефимович Малов пен Сергей Григорьевич Кляшторный *кеңгерес* сөзін этноним (халық аты) деп оқып, аударды. Алтай Сәрсенұлы В. Томсеннің пікірін қолдап, *Кеңгерес* географиялық атау екенін және *Кеңгір / Кеңгер / Кеңір* атты өзендер Қазақстан жерінде кездесетінін дәлел ретінде келтіреді. «Түптеп кел-

генде *Кеңгір* өзенінің атауы көне түркі тілінен алынғандығы дау туғызбаса керек, - дейді ғалым. – Айталық қырғызша *кеңир* сөзі «кең, мол, жалпақ» деген мағына береді. Бұл сөзден пайда болған *кеңирси* - «жайылу» етістігімен байланыстырып, *кеңирсиген кең Талас* деп ән салады қырғыздар» [1]. Шынынды да *Кеңгір* гидронимі «арнасын үнемі кеңейтіп ағатын өзен» деген мағына беретіні рас. Мұнда *кеңгір* сөзі мен *ұңгір* сөзінің бір сөзжасамдық үлгімен жасалып тұрғанын аңғаруға болады.

Қорыта келгенде, профессор Алтай Аманжолов өз зерттеулерінде арнайы болсын, жанама түрде болсын ономастикалық бірліктерге үнемі талдау жасап отырған. Мәселен, *Шумер*, *Сақ* этнонимдеріне, *Білге қаған*, *Күлүк шор*, *Өге Тірік* антропонимдеріне, *Қандығатай*, *Тарбағатай* топонимдеріне жол-жөнекей беріп кеткен анықтамалары сол атауларға жасалған ғылыми этимологиялық талдаулар екені даусыз.

Әдебиеттер

1. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1996. – 128 бет.
2. Мадиева Г.Б. Гидронимия Восточного Казахстана. Автореф. дис. канд. филол.наук. – Алма-Ата, 1990.
3. Бияров Б.Н. Өр Алтай оронимдері (тарихи – лингвистикалық талдау). Автореф. дис. канд. филол. наук. – Алматы, 2000.
4. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма / Аманжолов А.С. - Алматы: Мектеп, 2003. - 368 с.
5. Бияров Б. Көне түркі ескерткіштеріндегі ономастикалық кеңістік». Монография. – Алматы: «Қазақстан жазушылар одағы» РҚБ, 2024. – 336 б.
6. Древнетюркский словарь (ДТС). – Астана: «Ғылым» баспасы, 2016. – 760 с.

ҚАБДЕН-КӘРІМ АЙБЕК

«Кетбұқа-Төлегетай» қорының тарих

пен мәдениетті балама зерделеу жобасының жетекшісі

ТҮРК МӘДЕНИЕТІНІҢ АҒАРТУШЫСЫ - АЛТАЙ СӘРСЕНҰЛЫ АМАНЖОЛОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Құрметті конференция қонақтары!

Қай ұлттың, яғни мемлекеттің болмасын әлемдегі орыны, оның мәдени мұрасымен тікелей байланыстылығын қайталап айту артық болмас. Қазақ елінің тарихи тамыры көне Түрк мәдениетінен нәр алып, тұңғыық тереңге бойлағандықтан, бүгінгі жиында осы тұрғыдағы өз ұстанымызды тағы бір мәрте нақтыламақпыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Түрк тектес елдердің басшыларымен кездесуі, жуырдағы Моңғолияға сапары, түрк әдебиетін әлемдік деңгейге шығарған Әлішер Науаи ескерткішінің Астанада ашылуы ұлттық тарихымызды зерделеуге тың серпін, сонымен қатар жоғары талаптар қойды.

"Халқына жаны ауыратын жақсылар мен жайсаңдар келешек ұрпаққа үкілі үлгілер қалдырады" деген қағида бар. Ұлтына қызмет етудің үлгісін көрсеткен Мұстафа Шоқай, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұхаметжан Тынышбаев, Сәрсен Аманжолов, Шәкір Әбенов, Темірбек Жүргенов, Ілияс Омаров, Әлкей Марғұлан, Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Сабыр Ниязбеков, Өзбекәлі Жәнібеков сынды ағартушылардың есімдері көпшіліктің жадында сақталған, жатталып, еңбектері кеңінен тараған. XX,XXI ғасырлар тоғысында осы зиялыларымыздың жолын жалғастырған, біздің шығыс өлкемізде "Алтай - ортақ үйіміз" қозғалысын ұйымдастырған Бердібек Мәшбекұлы Сапарбаев және көне Түрк ескерткіштерінің ұрпақпен қайта қауышуына ұйтқы болған - Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағанбетов.

Ал енді, абзал азаматтарымыздың бірін көпшілік жақсы білер, көбін, түрлі себептермен, бұқара халықтың жете білмеуі мүмкін. Мысалы, ғылыми ортада өте белгілі, түрк әлемінде іргелі зерттеулері, еңбектерімен танылған, әлемдік түрктанушы ғалымдардың жазбаларына түсінік беріп, қазақ мәдениеті мен тарихын екшелеуге ерекше үлес қосқан – Алтай Аманжоловты, біздер қаншалықты бағалаймыз? Имекеңнің сөзімен айтқанда "Түрктің көне ескерткіштеріндегі жазуларды терең білетін бірден-бір ғалым - Алтай Аманжолов".

Алдымен Алтайдың шыыққан тегін еске алуымыз керек. Оның әкесі Сәрсен Аманжолұлы, Түрктің алтын бесігі - киелі Алтай өңірінің тумасы, - қазақтың қазіргі әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі, белгілі ғалым. Қазақтың ұлттық мәдени мұрасын зерделейтін Ғылыми Зерттеу Институтын ұйымдастырушы және алғашқы басшысы. Ұлына "Алтай" деген есімді беруінің астарлы сыры бар шығар, әйтеуір тегін емес.

Алтайдың Мәскеу мемлекеттік университеті филология факультетінің шығыстану бөліміне оқуға түсуі әкесінің тәрбиесі, ықпалы, және әке жолын қуған баланың ерекше ынтасы деп білеміз. Бұл жерде біз, шығыс мәдениетінің кең тараған "Ұстаз - шәкірт" құбылысының классикалық бейнесін көреміз.

"Кетбұқа-Төлегетай" қоғамдық қорының ұсынысымен Алтай Аманжоловтың 90-жылдық мерейтойын Ташкенттің Ә. Науаи атындағы өзбек тілі және әдебиеті университетінде атап өтуіміздің себебі, 1957 ж. осы қалада өткен "Шығыстанушылардың I Бүкілодақтық ғылыми конференциясы" аясында С. Аманжоловтың "Көне түркі жазба ескерткіштері және олардың қазіргі түркі тілдеріне қатысы" мақаласының жариялануына байланысты. Биылғы жылы қыркүйек айында осы тақырыпта өзбек ағайындардың ғалымдарымен бірігіп танымдық конференция өткізілді. Бұл жиынға белсенділік танытқан Анвар баурымыз осында, ол кісіден Ә. Науаи университетінің басшылығына біздің ризашылығымызды жжет-

кізуді сұраймыз.

1957 ж. Шығыс тілдері Институтын "Түрк филологиясы" мамандығымен тәмамдағаннан соң Алтай Сәрсенұлының, ұлтымыздың түп-тамырын зерттеуге бар ғұмырын арнауға бел буғанын көреміз. Өмір көрсеткендей, ол солай болып шықты да. А. Аманжоловтың ғылыми зерттеулерінің басты бағыты - көнетүрк жазу ескерткіштерінің тілі, көнетүрк жазуының тарихы, түрк тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, түрк руникалық эпиграфикасы мәселелері екенін, осы салада оның бірнеше монографиясы, оқулықтары, ғылыми мақалалары жарық көргенін ғалымдар тәтпіштеп айтып өтті.

"Кетбұқа-Төлегетай" қоғамдық қорының ұстанымы танымдық бағыт болғандықтан, біз Алтай Аманжоловтың түбегейлі талдау жасаған еңбектерінен тарих, этногенез, түрк мәдениетінің қалыптасу тұрғысындағы әсерімізді, тағылым, ғибрат алғанымызды жеткізбекпіз.

1) Батыс ғалымдары "құпия жазу" (руна) деп санаған көнетүрк таңбаларымен (сына белгілер) Ана тілімізде тасқа қашалған жазулар - ұлттық астарлы бейне ретінде әр қазақтың санасына сіңірілетін мемлекеттік идеология негіздері.

2) Көне түрк ескерткіштерін аңғарған Д.Г.Мессершмидт, Ф.И. Сталенберг (тұтқынға түске швед), Түрк мәдениетіне ден қойып, жарыққа шығарған В.Томсен, В.Радлов, батыс, П.М. Мелиоранский, Б.Я.Владимирцев, А.Н.Бернштам, С. Малов сынды орыс, кеңес ғалымдарына ризашылығымыз шексіз. Бірақ олар Түрк рухын толықтай игере алмаған, сондықтан бұл саланың кенжеленіп қалғанын өздері де мойындаған. "Ескерткіштердегі жазуларды зерттеп түрлі атлас, жинақтарға кіргізген, бірақ олардың қайсысы да "жазудың кімге тиесілі екендігі жөнінде пікір айтпаған..." ("... Если раньше молчаливо признавали один язык всей орхоно-енисейской письменности, то теперь, при постепенном детальном изучении, выявляются некоторые языковые разности памятников, например, Тоньюкука с р.Селенги, Кюль-Тегина с р. Орхон, енисейских (на то, что указывал еще и П.М. Мелиоранский) - дейді С. Малов. "Тас таңбалардың құпия-

ларының толықтай ашылмағандығының себебін, осы саланың сұраныста болмауынан, әр ескерткіштегі графикалық ерекшеліктері, жазба тілдерді айыра алатын ғалымдардың және көнетүрк тілдерін игерген мамандардың қат екендігінен деп санайды".

Осы олқылықтың орынын толтырған Алтай Аманжолов. Көне Түрк руналарының мән-мазмұнына терең талдау жасаған оның ерен еңбегін ұлттық академиялық ғылымның корифейлері, атап айтқанда Әлкей Марғұлан жоғары бағалап, өзінің жүрекжарды пікірін жазып берген. "...Работа А.С. Аманжолова выполнена на высоком теоретическом уровне, содержит оригинальные выводы и богатый фактический материал, подкрепляющий эти выводы. Работа является образцом непредубежденного и творческого подхода к решению проблем истории древнетюркской письменности".

3) Қазіргі кезең - ұлттық сананың ерекше өрлеу кезеңі. Әлеуметтік желілерде батырлар мен билердің, ақындар мен жыраулардың, хандар мен сұлтандардың, т.б., тұлғалардың өмірін зерттеу, насихаттау, шежіре жазу белең алып тұр. Мұндай ұмтылыс, әрине, артық емес шығар. Алайда, сол жазылған шежірелер көбінесе ауыз әдебиетіне сүйенеді. Ғалымдар - белгілі мұрағат құжаттарына сілтеме жасайды. Осы орайдағы, Алтай Аманжоловтың, ұлтымыздың тарихы мен мәдениетін зерттегенде, алдымен тастағы мұраларға ден қоюын өте сәтті тәсіл деп санаймыз.

4) Алтай Аманжоловтың еңбектерімен таныса келе, "неше ғасырлық тарихы бар Түрк мемлекеті атауының, мәдениетінің жадымыздан жоғалу себебі неліктен?" - деген заңды сұрақ туындайды. Яғни, Біріккен Түрк (ұйғыр) қағанатының ыдырау себептері, сол кезеңнен - Үйсін, Қыпшақ, Найман, Керейіт, Жалайыр, Қоңырат ұлыстары, "Алты Алаш" ұғымы пайда болғанға дейінгі мерзімдегі - тарихи оқиғалар туралы мағлұматтар тым жұтаң. Оның сыры, билеуші таптың іс-қимылына орай, Түрк табиғатына жат басқа діндердің (буддизм, манихей, несториан, ислам) кіргізілуінің, өркениет жазуларының (манихей, соғды, шағатай) қолданысқа енгізілу саты-

ларының көмескілігі (Ғылыми ортада белгілі болғанымен, көпшілік білмейді). Бұл жөнінде ғалымның шәкірттері өз тқжырымдарын білдірсе деген тілегіміз бар.

5) 1929 ж. белгілі моңғолтанушы Б.Я.Владимирцевтің жазғанына қарағанда "Шыңғысхан тайпасы түрктердің сол кезде қолданыста болған жазу үлгілерін қабылдаған". Осы орайда, қазіргі қоғам, Түрк мәдениетін толықтай сіңірген Шыңғысхан империясының құрылу, өркендеу, ыдырау тарихына тың көзбен қарауды талап етеді. Халқымыз сонша үміт күткен "Мәңгілік Ел", "Мәдени мұра", "Рухани жаңғыру" мемлекеттік бағдарламаларының тағдыры шолақ болғандығына нәумездік танытады. Ұлттық мәдениеттің төл бастаулары - Ана тілі, жазу үлгілері неліктен қалтарыста қалды? Қазақ тілінің қасиетін қалпына келтіре аламыз ба? Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге неге құлық жоқ? - деген сұрақтар туындайды. Әлде қазіргі биліктегі буын - қазақ тілінің тамырына балта шабатын, Ә. Кекілбаев пен Ш. Айтматовтың шығармаларында көрсетілген, "мәңкүрттенген" буын болғаны ма?

Алтай Аманжоловтың "Көк Түрктер" ұғымын талдауы көңілге қонарлық. Қазіргі, түптегі бір, бірақ жан-жаққа шашырап кеткен Түрк тектес халықтардың төл мәдениеті мен тарихын жаңғырту мүмкін бе? Олардың бірігу қажеттілігі айтылып та, жазылып та жатыр. Біздің ойымызша, қазақ тілін дамытудың бастауы ретінде көнетүрк әліппесін насихаттау жолдарын талқылайтын кең ауқымды іс-шаралар өткізу дәстүрге айналдырылса. Оларды, "Аманжолов оқуларын" ұйымдастыратын Өскеменнен бастап, еліміздің іргелі оқу орындарында мамандар дайындайтын бөлімдер ашылып, арнайы оқу орындары (колледждерде), орта білім беретін мектептерде кеңінен жүргізу керек шығар. Руна жазуларын зерттейтін ғалымдар жылма-жыл қараша айының 23 күнінде жиналып, осы саладағы тың жаңалықтармен бөліссе деген тілегіміз бар.

Бүгінгі іс-шараның өтуіне қолдау көрсеткен Қазақ-Американ Еркін Университетінің басшысы, қадірменді Ере-

жеп Әбілқайырұлына, Шығыс Қазақстан облысы әкімдігіне, Ұлан ауданының әкімдігіне ризашылық білдіруге, ұлттық мәдениетімізді дамыту бағытындағы атқаратын еңбектеріне сәттілік, табыс тілеуге рұқсат етіңіздер!

АҚЫШ НҰРДӘУЛЕТ

М.О. Әуезов атындағы

*Әдебиет және өнер институтының
бас ғылыми қызметкері, жазушы*

БІЛІМІ ТЕРЕҢ, ЛОГИКАСЫ ҚИСЫНДЫ ҒАЛЫМ

Алтай Аманжоловтың еңбектерінің басым бөлігінде көне түрік жазуларының тарихына, ол жазулардағы сөздерің мән-мағыналарына талдаулар жасалатыны белгілі. Ол кісін өз мақалаларының бірінде «Алтай-Саян тау қойнауы және Ертістің жоғары саласын көктей өтіп, Сарыарқа мен Жетісу өңіріне созылып жатқан кең аймақ көне түркі энтогенезінің аялы алтын бесігі...» деп ой түйеді.

Сөйтіп келеді де: «Руникалық (сына) жазулардың таралған аймағы Монғолия мен Сібір өлкесі, Орта Азия мен Қазақстан атырабы болып табылады» дейді. Алтай Аманжолов зерттеулері кезінде бұл жазудың белгілі болған нұсқаларының жалпы саны 200-ге жуық болған екен.

Осы арада айта кету, керек өз кезіндегі басқа зерттеушілер секілді А. Аманжолов та тек «Руникалық жазу» деген тіркесті қолданады. Бұл сонау Орхон-Енисей жазуларын алғаш зерттей бастаған ғалымдардың қолданған термині екен. Бірақ бүгінгі таңда осы жазуды қалай атау керектігі жөнінде қазақ ғалымдарының арасында таласты пікірлер де бар. Олардың бір парасы «Руникалық жазу» деп емес, «Сына жазу» деп айтайық деген бағытқа басымдық береді. Атап айтқанда, бұлардың алдыңғы қатарында тұрғандардың бірі – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің оқытушысы Аманқос Мек-

тептегі. Ол тіпті «Түркі сына жазуын жазып үйренейік» деген ұсыныс айтады. Бір жағы көңілге қонымды сияқты көрінгендіктен, біз осы екі атауды да қатар қолданғанды жөн көріп отырмыз.

А. Аманжоловтың айтуынша, осы ғасырдың орта кезеңінен бастап Қазақстан жерінде осы жазулардың толып жатқан ескерткіштері анықталған екен. Кеңес дәуірінде ол кісінің мақалалары «Білім және еңбек» журналында жарияланып тұратын. Жартастар өз алдына, ол кісі ертеден жеткен ұсақ жәдігерлердің бетіндегі таңбаларды да оқыған. Олар Талас, Іле, Сыр, Ертіс өзендері бойынан табылған. Қызықты жәдігерлердің бірі – Талас өзені бойынан табылған төрт бұрышты тас мөр.

Енді осы арада Алтай Аманжоловтың әкесі өзіміздің Шығыс Қазақстанның тумасы екендігін ескере отырып, алдымен осы өңірдегі көне жазуларға ықшамдап шолу жасап кеткеніміз қисынды деп ойлаймын.

1935 жылы Абай облысың Үржар ауданының аумағынан Сасықбастау деген жерде арық қазып жүргендер бір ескі жәдігерге кезігіпті. Ол не десеңіз - гүлмен әшекейленген қола айна. Бұл Аманжоловтар отбасында Алтай тәрізді болашақ ғалымның өмір есігін енді ашып жатқан кезі. Сондықтан бұл айна жөнінде жас оқымысты ғылымның осы саласын қуа бастаған уақыттарда бір-ақ естіген ғой. Сонан кейін қызығушылық танытады. Сөйтсе бұл айнаны Қазақстанды зерттеу қоғамының экспедициясы алып кеткен екен.

Ашығын айту керек, айна бетіндегі сөзді оқу оңайға түспеген. Оған ұзақ уақыт кетіпті. Ақыры ғалымдар жазудың мағынасын «Ер азамат шарап ішу - мезгілсіз өлу» деп оқыпты.

Ал 1969 жылы Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха ауданындағы бір қорымнан тағы бір сондай тағы бір қол айна табылыпты. Оның жазудың мағынасы кейінірек Арсланова мен Кляшторный жариялаған екен.. Бірақ оған А. Аманжолов күдікпен қарап, өз нұсқасын ұсыныпты.

Осы облыстың Жарма ауданындағы бір жартастан 1983 жылы табылған сына жазудың мағынасы «атам, үлкен ағам»

деген мағынаны білдіреді дейді А. Аманжолов.

Ал енді Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл ауданының жерінен 1985 жылы бір адамдар тасқа қашалған кезекті жазуға кезікті. Бұл жөнінде «Қазақ әдебиеті» газеті 1985 жылғы 20-желтоқсанындағы санында жазған болатын. Газеттегі мақалаға сүйенсек, ондағы қашалған сөз «Ай хан жұрты» деген мағынаны береді екен.

Шығыс Қазақстанның Күрішім ауданынан да сына жазуы бар тас табылды. Ол жаңалықты сол кезде хабарлап жеткізген Ақаш Жүнісов деген азамат көрінеді. Осы төрт бұрышты тастың табанындағы жазуларды оқыған ғалымдар «Таңда, уан» деп аударыпты. А. Аманжоловтың айтуынша, бұл бір өмірлік қағида немесе өсиет сөз болса керек. Ғалым осы сөздің мағынасын «Өмірден әр нәрсені таңда да, содан мейірім тап» деп, ары қарай дамыта түседі.

Осы Ертіс өзенінің Павлодар облысы арқылы өтетін бөлігіне таяу жердегі ескі қорымнан сүйектен жасалған бір тұмар шығыпты. Оның бетінде де руникалық жазу бар екен. Бұл жазуды оқыған тағы да талантты ғалым А.Аманжолов еді. Бұл сүйектен жасалған тұмардағы жазу жөнінде ол 1967 жылы талдап жазған болатын.

Іле өзені бойындағы жартастарға үш жерден қашалып жазылған руникалық жазулар жайында қатысқан экспедиция мүшелері, соның ішінде А. Аманжолов 1966 жылы баспасөзде жариялаған екен. Алматы облысындағы бір қорымнан шыққан жүзікте де осы сына жазулары болыпты.

Өздеріңіз білесіздер, жүзік дегеніміз ол қаңқиған дәу жартас емес, кішкентай ғана зат. Ал оның бетіне бәдіздеп сына жазудың түсіру оңай шаруа емес. Оған аса ептілік пен лайықты құрал-жабдықтар керек. Бұдан шығатын қорытынды – сына жазуларды пайдаланған уақытта ұсталық, ісмерлік технологияның да жақсы дамығандығы. Ал сол ұсақ заттардың бүгінгі заманға дейін сақталып қалуының өзі таңқаларлық жағдай.

А.Аманжоловтың «Шығыс Қазақстаннан табылған көне түркі руникалық ойма жазулары сыр шертеді» деуі бекер

емес екен.

Бір замандарда зерттеушілердің назарын аударған – кәдімгі Қалба тауының шатқалдары. Алтай, Тарбағатайға қарағанда бұл – аласа болып келетін шағындау тау жүйесі. Көптен бері зерттеушілер бұл ежелгі қоныста мен кен өндіру орындарының қалдықтары болғаны анықтаған. Тастарға салынған бедерлер арасынан сына жазулары, пиктограммалар мен идеограммалар да байқалып қалған екен.

Олардың тарихын анықтау жұмыстарын жүргізудегі археологиялық экспедиция жетекшісі, профессор С.С. Черниковтің еңбегінің ерекше болғанын А.Аманжолов ризашылықпен атап өтеді. Черниковтің өзі бұл жөнінде 1947 жылы «Советская археология» журналының 9-санында ғылыми мақала жариялаған екен. Бірақ ол кісі осы Қалба ескерткіштерін әлі де зерттей түсу керек екендігін еске салып өтеді.

Соған орай бұл сөз А.Аманжолов үшін 1967 жылы осы өңірге арнайы сапар жасап, біраз зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын. Ол осы сапар барысында сондағы пиктограммалар мен идеограммаларға қайтадан үңіледі. Тек үңіліп қана қоймай, олардың мағыналарын шешуге тырысады. Олардың арасында сына жазуларында кездесетін «рт» таңбасы кездесіп отырыпты. Оны ғалым «арт» деп оқыған екен.

Осы арада айта кететін бір жағдай – А. Аманжоловтың пиктограммалар мен идеограммаларды оқу барысында олардың сюжеттерге құрылғандығына көңіл бөлуі. Ол кісінің тұжырымдауынша жартастағы суреттердің көпшілігінің сюжеттері бар. Жадағай тілмен айтатын болсақ, оларды оқиғалы суреттер деуге келеді. Тек оларға көз жүгіртіп, оқи білу керек. Ал оны оқу үшін сол замандардағы пиктограммалардың табиғатын, дәуір тынысын сезіне білу шарт.

Демек ғалымның білімі мен логикасының мықтылығын көрсетсе керек. Осындай пиктограммалар Абай облысына қарасты Ақсуат ауданындағы Кіндікті деген жерден де кезіккен. Бір қызығы ондағы суреттер саны тіптен мол екен. А. Аманжоловтың жазуынша «Жылтыр түсті қойтастағы жазулар жүздеп саналады».

Ғалымның бұдан кейінгі назар аударғаны – қазіргі Абай облысындағы Шұбартау ауданындағы көне ескерткіштер шоғыры. Мұнда да сюжеттік суреттер жиі кездеседі екен. Сөзімтал ғалым оларға тамасана тамашалай қарап қана қоймай, әр суреттің мағынасын оқуға тырысқан. Оқығандарын кәдімгідей суреттеп жазып отырған.

Ол ма, сына жазулардың қолданылу аясы, географиялық кеңістігі А. Аманжоловтың тұжырымдауынша, тек Қазақстанның шығыс, оңтүстік аймақтарымен шектеліп қалмай, батыс өлкелеріне дейін жеткен. Оған дәлел - батыстағы Жайық өзенінің бір саласы Елек өзені маңайынан табылған қол айна. Оның бетіне де сына жазуы бәдіздеп түсірілген болып шықты. Әсіресе назар аудартатыны – осы алқаптан табылған күміс табақтағы жазу. Бұл жөнінде А. Аманжолов 1993 жылы Түркияда жасаған баяндамасында атап айтқан болатын. Айнаға қарағанда осы күміс табақтағысы тіпті айқынырақ екен.

Осындай жазуы бар жәдігерлердің бірі – Жетісу өлкесіндегі Есік қорғанынан табылған тостаған. Оның сыртқы түбінде де нақ осындай сына жазу кездескен екен.

Ал Сырдария өзені бойынан, Сыр болғанда да Қызылорда емес, дарияның Оңтүстік Қазақстан облысындағы бөлігіне жақын жерден балшықтан күйдіріліп жасалған бұйымдар туралы айтпай кетуге болмайды. Өйткені сол бұйымдардың бет жағынан да осындай сына жазудың іздері байқалыпты.

Арғы ата-бабаларымыз базбіреулер айтатындай, жабайы емес, өз дәуіріндегі озық ойлы адамдар болған. Жазу мәдениеті дамыған халық ол – өз кезеңіндегі өркениеттің алдында жүрген халық. Қазақтың арғы тарихының жарқын беттері осы сына жазулары арқылы тиянақталады. Демек, А. Аманжоловтың тарих ғылымына қосқан үлесі де ауқымды.

Сөзімнің аяғында мен өзімнің түркітанушы ғалым емес екендігімді, бірақ зиялы қауымның өкілі ретінде осы тақырыпқа жалаң қызығушылық танытып жүргенім де ғана еске сала кеткім келеді. Сондықтан кейбір айтылған тұжырымдар менің жеке өз пайымым ғана.

Біз сөз етіп отырған ғалымның «Тіл біліміне кіріспе» еңбегін жазғанын оқырмандар біле бермейді. Ол туралы айту өз алдына жеке әңгіме. Сонымен осы айтылғандардан байқалатыны – А. Аманжоловтың ой ұшқыр, білімі терең, логикасы қисынды ғалым болғандығы. Қай жағынан алып қарасақ та, ол кісінің мол мұрасы назар аударып, құрметтеуге тұрарлық.

ТАМАБАЕВА ҚАРАКӨЗ ӨМІРЗАҚҚЫЗЫ
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық
Тараз университеті «Шерхантану»
ғылыми-зерттеу орталығының директоры

А.С. АМАНЖОЛОВ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫ

Бүгінгі таңда, көптеген түркі мемлекеттері ғана емес, әлемдік дамуда түркітану саласына деген көзқарас қайта өзгерді. Осы мақсатта ғылым саласы да өз зерттеулеріне халық тарихы мен мәдениетінің қайнар бастауын көне заманнан іздеуді негізгі бағыт етіп, қазіргі уақытта көптеген табыстарға да кол жеткізіп үлгерді.

Осы тұрғыдағы аса күрделі міндет - көне түркі этногенезі мен алғашқы түркі тілінің дамуына келіп тірелетін проблемалары болып табылады. Бұл мәселені шешпейінше қазіргі түркі халықтарының ата-баба, үрім-бұтақ зәузатының басынан кешкен өмір өткелдерін де, арғы тарихын да, көне түркі тілінің қалыптасып, дамуының жөн-жосығын да, сала-саламен тармақтана өрбуін де, өркені өсе келіп бүгінгі тілімізбен жалғасуын да, халықтардың бір тамырдан нәр алған тарихи-мәдени ортақтығын да, көне түркі этногенезін де, басқасын былай қойғанда, қазіргі түркі тілдес халықтардың шығу тегін ашып көрсету әрине, қиын.

Аталмыш мәселе тарихшылар немесе тілшілердің, мәдениет пен тіл тарихын зерттеушілердің пешенесіне жазған еншісінде ғана болып келсе, оның бүгінде аясы тар, шектеулі шеңбері құлаш жазғызбай, тығырыққа тықсырған үстірт ойлар мен «академиялық» схематизмге ұрындырып жүргені де жасыратын жай емес. Әр саладағы ғылымның дами келіп шоғырлана түйіскен бірлігі негізінде зерттелмейінше, айтарлықтай нәтижеге қол жетпейтіндігі де айқын.

Бұл салада табысты еңбек еткен белгілі түркітанушы ғалым – Алтай Сәрсенұлы Аманжолов.

Жұмбағы көп түркітану ғылымының қыр-сырын меңгерген, үнемі әрбір шәкіртке жалықпай ақыл-кеңесін беріп, тұлғалық болмысымен де жүрегімен ыстық орын алған Алтай ағаның мен үшін орны бөлек, тым дара.

А.С. Аманжолов – шын мәнінде ұлы даланың ұлы перзенті. Өз халқының тілі мен мәдениетін зерттеуге бар өмірін арнаған А.С.Аманжоловтың ғалым ретінде де, жалпы тұлға ретінде де тәуелсіз мемлекетіміздің дамуына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

Түркі халықтары ұлан-байтақ империяны құрған жауынгер халық ғана емес, шебер әдеби ескерткіштердің авторы, өте ертедегі руналық жазудың иегері. Бұл жазулар тек жазбалар ғана емес, поэтикалық көркемдік жазу үлгілерін танытты. Әлемдік әдебиет пен тарихта орыс халықтарының ең құнды «Игорь жасағы туралы аңыз» шығармасынан төрт ғасыр бұрын туындаған «Білге қаған», «Тоныкөк», «Күлтегін» секілді шедеврларды дүниеге келтірген түрік халықтары кейінгі дамуда да өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

С.А. Аманжолов еңбектерінде ұлтымыздың жазба мәдениетіне қатысты тарихи қазынасы мол, тамыры терең, ғылыми танымға толы құнды мағлұматтар көптеп берілген. Жәһандану тұрғысынан алып қарағанда, автор көне түркі дәуірінде түркі қағанаты мен жазба мұраларының ортақтылығын, қазіргі таңда айтылып жүрген Ұлы дала жері туыстас түркі халықтарының атамекені болғандығын тілге тиек ете отырып, түбі бір түркі елдерінің татулығы мен бірлігін

нығайтуды көздегендігін анық байқауымызға болады. Ғалымның: «Алтай-Саян тау қойнауы және Ертістің жоғарғы сағасын көктей өтіп, Сарыарқа мен Жетісу өңіріне созыла жатқан кең аймақ көне түркі этногенезінің аялы алтын бесігі екендігіне ешбір күмән жоқ, оны дәлелдерлік бұлтартпас деректер де жеткілікті-ақ, тек көрер көз, ізгі жүрек болса игі» [1], - деп, арман-өсиетімен бірге қазіргі түркі этностарының атажұрт қонысы ортақ екендігіне назар аудартуы, бүгінгі таңда мемлекетіміздің өте маңызды мәселелерінің біріне айналып отырғандығын жақсы білеміз. Халқымыздың қалыптасу тарихына, жазба мұраларына қатысты ғылыми зерттеу негіздер жеткілікті, соның ішінде Алтай Сәрсенұлының бұдан ширек ғасыр бұрын айтқан ғылыми тұжырымдары бүгінгі таңда жан-жақты дәлелденіп, ұлттық дамуымыздың негізгі бастауына айналды.

Қазіргі таңда түркітану ғылымы – бір жағынан XIX-XX ғасырлардағы Еуропа мен Ресей, кейіннен Кеңес Одағы түркітанушы ғалымдары негізін қалаған зерттеу дәстүрінің жалғасы болса, екінші жағынан зерттеулердің кеңістігі кеңейіп, түркі халықтарының этногенезі, тілдері, тарихы, мәдениеті, философиясы мен діні арнайы зерттелетін кәсіби ғылымға айналды. Түркітану ғылымының өзегі болып табылатын көне түркі жазбалары – Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштері мен көне түркі жәдігерлері өткен ғасырларда рунологиялық, текстологиялық және лингвистикалық тұрғыда зерттелсе, бүгінгі күні әлемдік түркітанушылары тарапынан көне түркі жазбаларының тарихи, философиялық, этнографиялық және мәдени қырларынан зерттеліп, көптеген ғылыми зерттеулердің негізіне айналуға. Дегенмен, әлем мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан түркі халықтарының мыңжылдықтар қойнауындағы мол мұрасының зерттейтін мәселелері ұшан-қиырсыз. Әлі де табылмаған немесе енді ғана табылып жатқан көне түркі жазбалары өте көп.

Әр саладағы ғылымның дами келіп шоғырлана түйіскен бірлігі негізінде зерттемейінше, айтарлықтай нәтижеге қол жетпейтіндігі де айқын. Сондықтан да, түркологияның қай-

сыбір мәселесі кешенді зерделеуді қажет етеді.

А.С.Аманжолов еңбектерінің ғылыми маңыздылығы сол – жүйелілік сақталады және әрбір ұлттың тарихын көне жазбалармен дәлелді зерделеуді мақсат етеді.

Кез-келген тілдің этникалық қызметін сөз еткенде, оның этникалық ортақтығының құрылуы, өсіп-өркендеуі, дамуы, іштей топтасу барысында қозғаушы күш екенін атап өткен жөн. Ақиқатына келсек, әрбір жеке тіл этностың шоғырлана кірігуіне, сонымен бірге өзара бір-біріне әсерлері барысында тайпалар мен халықтардың іргесі ауып жатырқауына себеп туғызады.

Осыған орай, бүгінгі түркологияда жекелеген тілдердің теориялық құрылымын айқындауда ортақ үйлесімділікке баса назар аударылуда. Әрбір тілге тән, оның тілдік ерекшеліктерін айқындайтын түркі жазба ескерткіштеріндегі мәтіндер лингвистикалық, әдебиеттану және тарихи-мәдени зерттеу тұрғысынан қарастырылады. Жазба ескерткіштерді зерттеу тілдің тарихын және қоғамның рухани мәдениетін терең тануға мүмкіндік туғызатыны басты назарда болуы тиіс.

Өз тарихын терең ұғынып, шын бағалай білетін халықтың ғана болашағы мәңгі болмақ. Бүгінгі алпауыт жаһандану дәуірінде ұлттың ұлттығын сақтап қалатын дүниелер – ұлттың төл тарихы, мәдениеті мен тілі екені анық.

Көптеген түркі тілдерінің жетік білгірі болған Алтай Сәрсенұлы үшін әрбір таңбаның айтары терең. Түрік даласын ерінбей аралап, әрбір тарихи ескерткіштің сырын ашуға бар ғұмырын арнаған ұлы тұлға еңбек жолында қаншама жауапты қызметтер атқарып жүріп, түркі әлемінің жан-жақты зерделеніп, танылуына бүкіл қажыр-қайратын арнады.

Бар адамзатқа ортақ тұлғаның шығармашылық мұрасына арналған бүгінгі басқосудың маңызы терең. Өйткені, Алтай Сәрсенұлындай өз ісіне шын берілген ұстаз-ғалымның ғылымның өте күрделі жолында табандылықтан таймағандығы, әлемдік дамудағы түркілердің мәдени жетістіктерін айқындаудағы еткен еңбегі, ғылыми көзқарастары – бүгінгі жастарымыз үшін үлкен өнеге мектеп екені даусыз.

Жалпы алғанда, түркі филологиясының, көне жазба мәдениетіміздің жұмбақ сырлары өте көп, тым тереңде. Ғылым әрбір зерттеуінде жекелеген түркі тілдерінің өзіндік тілдік ерекшеліктеріне салыстырмалы талдаулар жасап, ғылыми танымға толы дәйектер тұжырымдады.

Тәуелсіз елімізде ұмытыла бастаған ескерткіштерімізге, құнды мұраларымызға зерттеу жүргізіліп, барынша танымды әрі терең тағылымын ашуға күш жұмсалуда. Түркі халықтарының дүниежүзі мәдениетіне, адамзат өркениетіне қосқан үлесі ұшан-теңіз және бүкіл әлем ғалымдарының қызығушылықтарын туғызуда. Шындығында өткен тарих шежіресін, өткен дәуір шындығын ұлы тұлғалардың, біртуар ғалымдардың танымы терең тарихи туындылары арқылы біле аламыз. Өмір жолында ұстанымынан таймаған, әлемдік руханияттың дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар шығармашылығы келелі зерттеулерді қажет етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, ғұмыры аңызға айналған ғұлама ғалым Алтай Сәрсенұлы Аманжоловтың келешек ұрпаққа жазып қалдырған ғылыми-танымдық еңбектерінің ғылыми маңыздылығы уақыт өткен сайын күрделеніп, жаңа қырларына тереңдеп, зерделеу түркі әлемінде өзекті мәселелердің нақты ғылыми пайымдалуына негіз болатыны анық. Және, оны болашақ жастардың еншісінде деп санаймын.

Әдебиеттер

1. Аманжолов С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.

НАЗАРОВ НАСРИДДИН АТАКУЛОВИЧ

*Шыршық мемлекеттік педагогикалық
университетінің профессоры,
философия ғылымдарының докторы,
Ташкент, Өзбекстан*

АЛТАЙ АМАНЖОЛОВТЫҢ ТҮРІК РУНА ЖАЗУЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ РӨЛІ

Аннотация. Бұл мақалада түрік руникалық жазуының түркі халықтарының мәдени дамуындағы рөлі мәселелері теориялық негізде зерттеледі. Көне түрік жазуының қалыптасу үдерісі біздің дәуіріміздегі IV-III ғасырларға қатысты деген пікір белгілі ғалым Алтай Аманжоловтың зерттеулеріне сүйене отырып, қолдау табады. Профессор Алтай Аманжоловтың ғылыми тұжырымдамасына сүйене отырып, көне түрік жазуының қалыптасу, даму, жетілдірілу кезеңдері туралы автордың көзқарасы алға тартылады.

Негізгі сөздер: түркі рунологиясы, Алтай Аманжолов, этномәдени даму, сақ, скиф, ғұндар, жазу, көшпенділік, Есік қорғаны, Алматы.

The role of Altai Amanzholov in the study of Turkish runology

Abstract. This article examines the role of Turkish runology in the cultural development of the Turkic peoples on a theoretical basis. The opinion that the process of the formation of the ancient Turkish script refers to the 4th-3rd centuries BC is supported by the research of the famous scientist Altai Amanzholov. Based on the scientific concept of Professor Altai Amanzholov, the author's point of view about the stages of formation, development and improvement of the ancient Turkish writing is put forward.

Key words: Turkic runology, Altai Amanzholov, ethno-cultural development, Sak, Scythian, Hunns, writing, nomadism, Kurgan Issik, Almaty.

Адамзат дамуы мен оның қалыптасу үдерісінде бірте-бірте жетілу, даму кезеңдері бар. Осы дәуірлерді тудырған этномәдени және рухани интеллектуалдық факторларды зерттеудің қажеттілігі мен өзектілігі айқын. Өйткені адам баласының ойлауы қашанда өз тарихи бастауларын зерделеуге ұмтылдырады, өткен мұраны терең ұғынып, оған деген құрмет сезімі артады.

Жалпы адамзаттық дамуда маңызды рөл атқаратын түркі халықтарының этномәдени даму кезеңдерін саралау үшін қажетті деректерді материалдық және мәдени ескерткіштер, тарихи құндылықтар, рухани байлық үлгілері арқылы танимыз. Материалдық мәдениетке тарихи құрылыстар, ескерткіштер, сондай-ақ материалдық дүниеде бар нақты шындық болмыс мысал болса, рухани мәдениет - ойлаудың дамуын қамтамасыз етуге қызмет ететін жазба және ауызша шығармашылық үлгілері. Сондықтан түрік руникасы аясында өткен оқиғалардың көрінісін, түрік руна үлгілерінің тарихи тамырын, осы тас жазулардың пайда болуының тарихи шарттарын зерттеудің маңызы зор. Өйткені көне түрік руна жазулары туралы тарихи зерттеулер ата-бабамыздың абыройлы да қиын-қыстау жолы біркелкі болмағанын, бүгінгі ұлттық руханият пен идеалдық кемелдіктің қайнар бұлағы кешегі мұралардан бастау алатынын – рухани құндылықтарымызға жаңаша үңілу қажеттігін күн тәртібіне қойып отыр.

Ежелгі көк түріктер (скифтердің, ғұндардың) ата-бабаларының қол жеткізген табыстарын археология ғылымы мойындады, сонымен бірге ежелгі түріктердің ата-бабалары саналатын скифтер адамзаттың мәдени өміріндегі үлкен өзгеріс жасағанын, яғни пиктографиядан дыбысты білдіретін таңбаларға дейін мәдениет тұғырын тұрғызғанын білеміз. «Түркі халықтарының араб жазуынан бұрын да өз жазуы болған. Бұл жазбалар да дәл қазіргі жазуымыз сияқты әріп арқылы өрнектеліп, ұзақ даму кезеңінде қалыптасқан... Барлық халықтардың жазуы сияқты, бірнеше мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан көне түркі халықтарының жазба мәдениеті де жұртшылыққа бұрыннан белгілі» [8; 3]. Сондықтан түркілерге

тән жазу түрі біздің заманымыздың VI-VIII ғасырларына ғана тән емес, біздің заманымызға дейінгі IV-III ғасырларға жататыны көрнекті ғалым Алтай Аманжоловтың зерттеулерінен белгілі.

Осыған байланысты зерттеушілердің біздің болжамымызды растауға мүмкіндік беретін назар аударарлық пікірлері де бар. Мәселен, Қ.А. Ақышев былай дейді: «Көшпелілер жазуды біздің дәуірімізге дейінгі VI-V ғасырларда да меңгерген болса керек, бұған Есік бекінісіндегі скифтер бейітінен табылған күміс ыдыстағы жұмбақ жазу куә» [2; 60]. С. Кляшторный осы ойды негізге ала отырып, оны декодтау болашақ ұрпақтың міндеті деген пікірді алға тартады [5; 415]. Одан кейін А. Аманжолов Есік жазуын ашып, оның түрік жазуы екенін дәлелдеген. А. Аманжоловтың бұл қызметі түркітану әлеміндегі жаңалық ретінде үлкен маңызға ие. Өйткені, тарихтың ұлылығы тарихи шындықты бейнелеуімен көрінеді. И.Л. Кизласов: «Түркі-азиялық руникалық әріп әлі күнге дейін ғылымға беймәлім болған семит силлабикалық жазуына дейін барады. Әліпбидің құрылымы қола дәуірінде (б.з.б. X-IX ғғ.) болған адам жазуының кезеңіне тиесілі. Діни наным-сенімге қатысты жазба құжаттардың архаикалық болғаны сонша, олардың Енисей эпитафиялары түрінде көрініс табуы таң қалдырады. Бұл екі ерекшелік (алфавит құрылымы мен жазба құжаттардың сыртқы түрі) түркі халықтары өздерінің бастапқы тарихи отандары Оңтүстік Сібір мен Орта Азияда прототүркі жазуын бойына сіңірген қалыптасқан дінмен үйлесетін» деп жазады [6; 64]. Әрине, кез келген этникалық өнер мәдени элементтерді қамтиды. Этникалық топ өкілдері ұсынған жаңалықтарда діни идеялар мен күнделікті өмірдің өзіндік қырлары көрініс табады. Ғалым пікірін былайша жалғастырады: «Кейін Азия руникалық жазуы ұзақ тарихи жолдан өтіп, түркі тілдерінің заңдылықтары негізінде реформаланды. Осылайша руникалық жазулар сапасы жағынан сақталып, түркі халықтарының екінші тарихи отаны Шығыс Азияға апарылып, VIII-X ғасырларда Орта Азия мен Оңтүстік Сібірдің мемориалдық тастарында пайда бола

бастады» [6; 64].

Профессор Алтай Аманжоловтың зерттеулеріне сүйене отырып, көне түрік жазуының қалыптасу кезеңдері екі мың бес жүз жылдық кезеңді қамтиды деп батыл айта аламыз. «Түркі әліпбиіндегі ең көне жазу, жалпақ күміс тостағанға жазылған Есік жазуы» [3]. Филолог ғалым А. Аманжолов Алматы маңынан табылған күміс тостағанды зерттеу арқылы ХІХ ғасырдың аяғынан бері ғылымда берік орныққан көзқарастарға қарсы өз пікірін ортаға салып, дәлелдейді. Яғни, түрік руникалық жазуының қалыптасуы біздің заманымыздың VI ғасырына ғана тән емес, біздің дәуірімізге дейінгі IV-III ғасырларда да бұл жазу түріктердің ата-бабаларының жазуы ретінде өмір сүрген. Мысал ретінде Алматы іргесіндегі билеуші бейітінен табылған күміс кеседегі жазуды келтіреді. Бұл ой алғашында оның мақалаларында айтылғанымен, 2003 жылға қарай Алматыда басылып шыққан Түрік руникалық әліпбиінің генезисі (Генезис тюркского рунического алфавита) еңбегінде толық көрініс тапты. А.Аманжоловтың бұл ойлары орыс және еуропалық ғалымдардың көне түрік әліпбиі біздің заманымыздың VI ғасырына жатады деген көзқарастарын жоққа шығарады. Ал түрік әліпбиінің көне екені тарихи, археологиялық, текстологиялық деректер негізінде дәлелденген. Бұған түркі әліпбиі түркітануда, жалпы ғылымда салыстырмалы түрде жаңа бағыт болды деген пікір басым болды. Мысалы, «Түрік тіліндегі ең көне мәтіндер VI ғасырдың аяғында Орталық Азиядағы құлпытастарға қашалған жазулар. Көшпелі халық пен жауынгерлерді біріктірген түркі тайпаларының одағы бірегей мәдени дәстүрлері бар күшті мемлекеттер құрып, бірегей мәдениеттің дамуына мүмкіндік туғызды» [4; 345]. Әрине, ғылым үздіксіз ізденістерді қажет етеді. А. Аманжолов ұсынған концептуалды идеяға сүйене отырып, көне түрік жазуын, оның қалыптасуы мен дамуын үш кезеңге бөліп қарастырған орынды:

- бірінші кезең, түрік руникалық жазуының қалыптасуы, бұл кезең біздің дәуірімізге дейінгі IV-I ғасырларды қамтиды, осы кезеңде түркі әліпбиінің алғашқы үлгілері финикиялық

және арамей жазуларының дәстүрлері негізінде Ғұндардың ұрпақтары сақтар мен скифтер зиялы қауым өкілдерінің күшімен қалыптасты;

- екінші кезең түрік руникалық жазуының дамуы, бұл кезең біздің заманымыздың I-IV ғасырларын қамтиды және осы кезеңде сақ, скиф тайпаларының ұрпақтары болып табылатын түрік тайпалары эпитафиялық жазбаларды қолданып, жазулардың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан түрік мәдени дәстүрлерінің үлгілері қоғам жадынан өшпейді. Оңтүстік Сібір мен Алтайдан табылған құлпытастардағы жазулардың тікелей осы кезеңге жататынын археологиялық және палеонтологиялық зерттеулер дәлелдейді;

- үшінші кезең, түрік руникалық жазуының жоғары сатысы. Бұл кезең біздің заманымыздың VI-VIII ғасырларын қамтиды және Түрік қағанатының жағдайына байланысты дамиды. Бұл кезеңге тән эпиграфиялық жазулар негізінен Орхон ойпаты (Тоныкөк, Күлтегін, Білге қаған, Онгин) ескерткіштерінің үлгілері болып табылады, оларда жазу тәжірибесінің салыстырмалы кемелдігі байқалады. «Руналар Күлтегін мен Білге қаған құрметіне қойылған ескерткіштердегі жазуларға тән кемелдік деңгейіне жету үшін ұзақ эволюциядан өтуге мәжбүр болды» [1; 6]. Ал бұл эволюциялық кезеңдерге біз жоғарыда атап өткен бірінші және екінші кезең жатады.

Түркі халықтарының ата-бабалары Алтай мен Оңтүстік Сібір аймақтарында мәдени дамуын қамтамасыз еткені археологиялық және палеонтологиялық зерттеулерден белгілі. Яғни, түркі мәдениетінің үлгілері осы ұлан-ғайыр өлкеге қатысты болса, Алтай аймағы Моңғолия жерін де қамтиды. Сондықтан «Түркі жазуы» VII-VIII ғасырларға жататын көптеген жазулар Орталық Сібірдің оңтүстігінен, Моңғолияның солтүстік-батыс бөлігінен және Түркістанның солтүстік-шығыс бөлігінен табылған. б.з.д., сондай-ақ Орхон жазуы деп аталатын жазуда жазылған бірнеше жазу үзінділері (алғашқы жазбалар Байкал көлінің оңтүстігінде, Орхон өзенінің маңында табылған жердің атымен аталған); оны Сібір, көне түрік, көк түрік немесе исламға дейінгі түрік жазуы деп те атайды»

[7]. Түркі тайпаларының әлеуметтік-мәдени дамуында Еуразия кеңістігі, соның ішінде Қыпшақ даласы мен Орта Азия аймағы маңызды рөл атқарды. Бірақ көне түрік жазуының үлгілері неге Енисей мен Орхон ойпаңдарында көбірек кездеседі? Біздің ойымызша, бұған біздің дәуіріміздің ертедегі орта ғасырлардағы Қыпшақ даласы мен Орта Азиядағы Енисей мен Орхон ойпаңындағы қанды соғыстар себеп болды. Бұл жағдайда бір мәдениет өкілі екінші мәдениетке жататын байлықты жоймақ болды, және бұл жаппай жасалды десек, артық айтқандық емес. Өйткені, мұндай айуандық - жеңістің қуанышына мас болған жауынгерлерге тән. Таяу өткенде, яғни XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында Ауғанстандағы кейбір әскери күштер Бамияндағы Будда мүсіні мен буддалық мәдениетті үлгі ретінде қарастырса, бүгінде ДАИШ жауынгерлері тарапынан Пальмирадағы мәдени мұражай экспонаттарына деген жабайы әрекеттері мысал бола алады. Әрине, мәдениет элементтері тіпті әскери және саяси қауіп-қатер жағдайында да толығымен жойылмайды. Керісінше, күшті мәдениет саяси бәсекелестерге (моңғолдардың Орта Азияға басып кіруі, олардың үстемдігіне қарамас-тан ондаған жылдар бойы жергілікті халықтың мәдениетін (дінін, тілін, әдет-ғұрпын) қабылдауы, Бабыр ұрпақтарының Үндістандағы жергілікті халықтың мәдениетін (тіл, әдет-ғұрып) қабылдауы жоғарыдағы мысалдарымызға дәлел бола алады.

